

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІІМ БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ атындағы
ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ

БЕКІТЕМІН

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігі
Б.Бейсенов атындағы
Қарағанды Академиясы
бастығының оқу ісі жөніндегі
орынбасары,
полиция полковнигі
_____ М.А. ҚЫЗЫЛОВ

2012 жылғы « » _____

Денешынықтыру даярлығы кафедрасы

**Пәннің оқу-әдістемелік кешені
(ПОӘК)**

Бакалавриат

Пән: «Дене мәдениеті»

Мамандық «050303 құқық қорғау қызметі»

Күндізгі оқыту нысаны

Автор: С.О. Асайынов денешынықтыру даярлығы кафедрасының бастығы; Ж.Ж. Кішкентаев денешынықтыру даярлығы кафедрасының аға оқытушысы.

Пәннің оқу-әдістемелік кешені Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2002 жылғы 10 шілдедегі № 541 бұйрығымен бекітілген және қолданысқа енгізілген «Дене мәдениеті» бойынша Типтік оқу бағдарламасының талаптары негізінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2005 жылғы 23 желтоқсандағы бұйрығымен бекітілген және қолданысқа енгізілген «050303 – құқық қорғау қызметі» мамандығы бойынша 3.08.281-2006 Қазақстан Республикасы МЖМБС /Бакалавриат/ сәйкес жасалған.

Пәннің оқу-әдістемелік кешені денешынықтыру даярлығы кафедра мәжілісінде талқыланды 2012 жылғы 13 маусым, № 20 хаттама

Пәннің оқу-әдістемелік кешені Академияның Әдістемелік кеңес мәжілісінде мақұлданды. 2012 ж. «_____» маусым № 10 хаттама

*Денешынықтыру даярлығы кафедрасының бастығы
полиция полковнигі*

С.О. Асайынов

Мазмұны

№	Құжаттар тізімі	Ескерту
1.	Пәнінің типтік оқу бағдарламасы	
2.	Пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы	
3.	Пән бойынша тапсырмалар тапсыру және орындау кестесі	
4.	Пәннің оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі картасы	Жұмыстық оқу бағдарламасында бар
5.	Аудиториялық сабақтарды өткізудің тақырыптық жоспарлары	
6.	Дәріс, семинар және тәжірибелік сабақтардың жоспарлары	
7.	Пәнді оқытудың әдістемелік нұсқаулығы	
8.	Білім алушылардың оқу жетістігін бағалау және бақылау бойынша материалдар	Жұмыстық оқу бағдарламасында бар
9.	Оқу сабақтарын бағдарламалық және мультимедиялық қамтамасыз етілуі	Жұмыстық оқу бағдарламасында бар
10.	Арнаулы аудиториялар мен оқу-әдістемелік кабинеттер тізімі	Жұмыстық оқу бағдарламасында бар
11.	Әдістемелік талдаулар	Жеке бумада бар
12.	Дәріс кешені (дәріс тезистері, көрнекі және үлестірме материалдар, ұсынылатын әдебиеттер тізімі)	Жеке бумада бар

ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ
Жоғары кәсіптік білім

Дене тәрбиесі (валеологиямен қоса)

Барлық мамандықтар мен дайындау бағыттарына арналған

(450 сағат)

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

Астана
2002

АЛҒЫ СӨЗ

- 1 **ӘЗІРЛЕГЕН ЖӘНЕ ҰСЫНҒАН** Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақтың бас архитектура-құрылыс академиясы, Қазақ спорт және туризм академиясы, Салауатты өмір салтының проблемасын қалыптастырудың ұлттық орталығы
- 2 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 10 шілде 2002 ж. №541 бұйрығымен **БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ**
- 3 **БІРІНШІ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ**
- 4 Типтік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты «Жоғары кәсіптік білімнің білімдік кәсіптік бағдарламасының құрылымындағы әлеуметтік-гуманитарлық және жаратылыстану-ғылыми циклдерінің пәндеріне» сәйкес әзірленген ҚР МЖМБС 3.0011- 2002, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 30 қаңтар 2002ж. № 69 бұйрығымен бекітілген.
- 5 Типтік оқу бағдарламасын сараптау және редакциялау жөніндегі жұмыс тобы баспаға ұсынған және ҚР Бж ҒМ 2002ж. 21 маусымдағы № 504 бұйрығымен бекіткен

Мазмұны

- 1 Кіріспе
- 2 Пәндер мазмұны (дене шынықтыру)
- 3 Оқу бағдарламасының негізгі тарауларын оқу сағаттарына бөлу
- 4 Теориялық тарау
- 5 Практикалық тарау
- 6 Әдістемелік білім, іскерліктер мен дағдылар. Өзін-өзі бақылау және қалпына келтіру әдістері
- 7 Таңдап алынған спорт түрін жетілдіру
- 8 Сынақ және сынақ талаптары

А Қосымшасы. Үлгілік және міндетті бақылау нормативтерінің тізбек.

Б Қосымшасы. Ұсынылатын әдебиеттер

Түсініктеме

- пәнді оқытудың мақсаты мен міндеттері, оның мамандарды дайындаудағы ролі мен маңызы;
- осы пәнді оқытудың алғы шарты болып табылатын пәндер тізбесі
- қосалқы пәндер тізбесі және оның берілген пәндермен өзара байланысы
- мемлекеттік жалпыға міндетті жоғары кәсіптік білім стандартына сай пәндер мазмұнының негізін құрайтын білім, іскерлік пен дағдылар және басқа мәліметтер минимумы

«Дене шынықтыру пәнінің **мақсаты** білімдер жүйесін меңгерту, дене қабілетін жетілдіру мен денсаулығын нығайта түсуді қамтамасыз ететін практикалық біліктіліктер мен дағдыларға, жоғары кәсіби шығармашылықты белсенділікке дайындау болып табылады. **Дене тәрбиесімен айналысу білімдік, тәрбиелік және сауықтыру міндеттерін шешуді қарастырады:**

дене тәрбиесіне себепті (мотивациялық) - бағалы көзқарасты қалыптастыру, дене жаттығуларымен және спортпен жүйелі айналысу қажеттілігін тәрбиелеу;
салауатты өмір салты мен өз денсаулығын нығайтудың басты бағытын саналы түрде қалыптастыру;

студенттердің дене тәрбиесі саласындағы білімін көтеру, өзін-өзі бақылау, қауіпсіздік ережелері, дене дайындығын басқаруды, белсенді демалысты дербес ұйымдастыру бойынша білімдерді, іскерліктер мен дағдыларды меңгеру;

емделу және аурудың алдын алу үшін дене тәрбиесі құралдарын толық мәнінде пайдалану;

«дене даярлығының Президенттік сынамаларын орындауға даярлау;

дене даярлығын, жұмыс қабілеттілігін, кәсіби елеулі маңызды дене және психомоторлы қабілеттерді дамытуды көздейтін кәсіби-қолданбалы дене даярлығы;

студенттерді белсенді дене шынықтыру-спорттық жұмыстарға тарту;

студент-спортшылардың спорттық шеберлігін жетілдіру.

Аралас пәндер тізімі

Дене тәрбиесі оқу пәні есебінде биология, анатомия, адам физиологиясы, жоғарғы нерв қызметінің физиологиясы, гигиена, дәрігерлік бақылау, валеология, педагогика, психология, жекеленген спорттық пәндер секілді аралас ғылымдармен өзара тығыз байланыста және соларға сүйенеді.

Білімдер, біліктіліктер және дағдылар минимумы

Жоғары оқу орындарында студенттерге дене шынықтырудан қойылатын біліктілік талаптары:

Білуі тиіс:

- Дене шынықтыру мен Спорттың әлеуметтік қызметін;
- Дене тәрбиесі жүйесін;
- Дене шынықтыру мен Спорт теориясы және әдістемесінің негіздерін;
- Әртүрлі дене белсенділігі мен жұмыс қабілетінің тәртібіне ағза реакциясының ерекшеліктерін;
- Кәсіби қызметке әсер ететін елеулі психофизикалық және қызметтік көрсеткіштер мен оларды реттеу әдістері мен тәсілдерінің негізгі түрлерін;
- Денсаулықты басқарудың гигиеналық негіздерін;
- Кәсіби аурулардың алдын алуды;

Пайдалануы тиіс:

- Дене шынықтыру мен спорт әдістері мен тәсілдерін арнайы кәсіби жұмыс қабілетін,

денсаулықты қолдауға және кәсіби аурулардың алдын алуға пайдалануды;

- Дене және қызметтік дайындықты жоспарлау, бақылау және басқаруды;
- Ертеңгі және өндірістік гимнастика кешендерін құрастыруды;

Дағдылануы тиіс:

- дене шынықтыру жаттығуларын көрсету мен орындауға, берілген жүктемелердің ағзаның физиологиялық мүмкіндігіне лайықтылығын бағалауға;
- дене дайындығын басқаруға;
- ертеңгі және өндірістік гигиеналық гимнастика сабағына;
- тұлғаның, отбасының, салауатты өмір салтына;
- өзі таңдаған және спорттық қолданбалы түрлерінде жарыстарды орындаудың тактикасы мен ережелері бойышша.

Дәрігерлік бақылау

Дәрігерлік бақылау дене тәрбиесінің міндетті курсы бойынша студенттерге дәрігерлік бақылау жүргізуді қамтиды және жаттығушылардың дене тәрбиесінің тиімділігін арттыруға себепші болады.

Дәрігерлік бақылауды студенттер емханасының дәрігерлері, студенттер денсаулық жағдайына дәрігерлік бақылауды жүзеге асыратын емдеу-профилактикалық мекемелер ұйымдастырып, өткізеді.

Студенттердің дене тәрбиесі процесіндегі дәрігерлік бақылаудың түрлеріне жататындар:

- студенттерді дәрігерлік тексеру;
- оқу сабақтары мен жарыстарды дәрігерлік-педагогикалық бақылау;
- дене тәрбиесі және спортпен айналысатын орынға және оның басқа да жағдайларына санитарлық-гигиеналық бақылау;
- сырқаттанудың және спорттық зақымданудың алдын алу;
- салауатты өмір салтын насихаттау.

Студенттерді дәрігерлік тексеру мынандай реттерде өткізіледі:

- 1 курстағы дене тәрбиесі бойынша оқу сабақтарының басталуына дейін;
- әрбір оқу жылының, басында, барлық келесі курстарда қайталап, сонымен бірге спорт жарыстарының алдында, жарақат алып не ауырып тұрғаннан кейін немесе дене тәрбиесінің оқытушысының жолдамасымен және жаттығушының өзінің ықыласы бойынша дене жаттығуларымен айналысудағы ұзақ үзілістерден кейін дәрігерлік тексеріс жасалады.

Студенттерді оқу топтарына бөлу

Студенттердің практикалық сабақтары негізгі, арнайы, және спорттық бөлімдеріне бөлінеді. Оқу бөлімдеріне бөлу жынысына, денсаулығына, дене дамуына, дене шынықтыру және спорттық дайындығына орай оқу жылының басында өткізіледі.

Негізгі оқу бөлімінде жалпы дене дайындығы бойынша оқу топтарына бөлінген, негізгі және дайындық медициналық топтарға жатқызылған КҚДД және спорт түрі топтары айналысады. Студенттердің дайындық медициналық топтар жеке оқу топтарына біріктіруге ұсынылады.

Негізгі оқу бөлімінде 12-15 адамнан тұратын оқу топтары оқиды, ал арнайы оқу бөлімінде медициналық тексеруден өткен 8-12 адамнан тұратын студенттер топтары оқиды.

Студенттерді дәрігерлік топтарға бөлу

Топтың	Топтың дәрігерлік сипаттамасы	Рұқсат етілетін дене жүктемелері
Негізгі	Денсаулық жағдайында ауытқушылығы жоқ, сонымен бірге денесі жеткілікті дамыған және жеткілікті дене даярлығы бар, денсаулығында елеусіз ғана ауытқушылығы бар адамдар	Толық көлемдегі дене тәрбиесінің оқу бағдарламасы бойынша сабақтар; спорт секцияларының біріндегі сабақ; жарыстарға қатысу.
Даярлық	Денсаулық жағдайында ауытқушылық жоқ, сонымен бірге денесінің дамуы мен дене даярлығы жеткіліксіз, денсаулығында елеусіз ғана ауытқушылығы бар адамдар.	Қозғалыс дағдылары мен іскерліктер кешенін біртіндеп меңгеру жағдайындағы, әсіресе ағзаға жоғары талаптар қойылуымен байланысты дене тәрбиесінің оқу бағдарламасы бойынша сабақтар. Дене дамуы мен дене даярлығын арттыру үшін қосымша сабақтар.
Арнайы	Оқу және өндірістік жұмыстарды орындауға рұқсат етілген, дене жүктемелерін шектеуді талап ететін, денсаулық жағдайында тұрақты және уақытша сипаттағы ауытқушылығы бар адамдар.	Арнайы бағдарлама бойынша өткізілетін сабақтар.
Емдеу дене шынықтыруы	Қозғалыс-тірек аппараттары қызметтері айқын бұзылған жекеленген жағдайлары бар, және оқу орнындағы топтық сабаққа қатынасуға кедергі келтіретін, денсаулығында елеулі ауытқушылығы бар адамдар	Арнайы бағдарлама бойынша өткізілетін сабақтар.

Практикалық сабақтарды өткізу үшін студенттер негізгі, арнайы және спорттық оқу топтарына бөлінеді. Оқу топтарына бөлу оқу жылының басында жынысын, денсаулық жағдайын, дене дамуын, дене және спорттық даярлықтарын есепке ала отырып жүргізіледі.

Негізгі оқу тобында негізгі және даярлық дәрігерлік топтарына жатқызған студенттер айналысады (оқиды). Олар жалпы дене даярлығы (ЖДД) оқу топтарына және спорт түрлері бойынша топтарға бөлінеді. Дәрігерлік даярлық топтарының оқушыларын жеке оқу топтарына жинақтау ұсынылады.

Негізгі оқу бөлімдері топтарындағы адам саны 15-20.

Арнайы оқу бөлімдерінде дәрігерлік тексеру мәліметтері бойынша арналған топтарға жатқызылған 8-12 адам бір топта оқиды. Емдеу дене шынықтыру тобында 4-6 адам болады.

Арнайы оқу бөлімдерін қалыптастыру қайсыбір жаттығуларды орындаудағы жалпы көрсеткіштерді және жаттығуларға кері әсерлерді, сонымен бірге жыныс белгісін есептей отырып жүргізіледі.

Ескерту: а) «А», «Б», «В» топтарында ең жиі кездесетін аурулар келтірілген. Өзге жағдайларда студент топқа дәрігердің жолдамасымен тіркеледі; ә) арнайы дәрігерлік топқа тіркелген студенттер саны аз болса, топты жалпы көрсеткіштер бойынша жинақтау мүмкін болмаса, топ дене дамуы немесе функционалдық даярлықтары және жыныс белгісі бойынша жинақталуы мүмкін.

«А» тобы төмендегідей сырқаттар бойынша қалыптасады:

1. Жүрек-қан тамырлары жүйесі.
2. Қан аурулары.
3. Нерв жүйесінің аурулары.
4. Көз аурулары.
5. Эндокриндік аурулар.
6. Асқазан және тыныс органдары жүйесінің кейбір сырқаттары.

«Б» тобы төмендегідей сырқаттар бойынша қалыптасады:

1. Тыныс органдарының аурулары.
2. Асқазан мүшелерінің ауруы.
3. Зәр шығаратын жолдардың ауруы.

«В» тобы төмендегідей сырқаттар бойынша құралады:

1. Қозғалыс-тірек аппараттарының ауруы.
- 2 – кесте

«А», «Б», «В» топтары бойынша бөлу

Топтың аты	Дәрігерлік сипаттама	Рұқсат етілетін дене жүктемесі	Қарсы әсер ететін жаттығулар
А	Жүрек-қан тамырларының ауруы, қанның ластануы, нерв жүйесінің ауруы, көздің ауруы, эндокриндік аурулар. Қолқа (бронхиальды) астмасы, созылмалы гепатит, тоқ ішек жарасы (язва 12-перстной кишки).	Дене жүктемесі гемодинамиканы, ЖДЖ-ны жақсартуға, көкірек сайын (диафрагманы) толтыра толық демалуға үйретуге бағытталған. Бастапқы кезеңде орташа үдемеліліктегі жүктеме, кейін дене жүктемесін біртіндеп арттыру және жалпы шыдамдылықты тәрбиелеу.	Шапшандық-күштілік жаттығулары жүгірісті, секірулердің шектеу, зорланып орындау. Еңкеюлер, ауырлықпен орындалатын және іш құрсағының, қысымын көтеретін жаттығулар. Жүктемені арттыру дәрігерлік-педагогикалық бақылау арқылы жүзеге асырылады.
Б	Тыныс алу мүшелерінің, ас қорыту мүшелерінің, бүйрек және зәр шығаратын жолдардың ауруы.	Кеуде клеткасының және қолдардың еттері қатысатын ЖДЖ, тұлғаны дұрыс ұстай білу дағдыларын, толық тыныс алу дағдыларын жетілдіретін жаттығулар. Іштің көк еттері үшін жаттығулар, статистикалық, сілтеу жаттығулары, дененің қалпын шапшаң өзгертумен орындалатын жаттығулар.	Секіру, жүгірулерді шектеу.
В	Қозғалыс-тірек аппараттарының ауруы.	Арқаның және іштің көк етіне арналған жаттығулар. Аяқ, сирақ, сан еттерін нығайтуға арналған дене жаттығулары. Жалпы және күш шыдамдылығын	Ұзақ жүгіріс, секірулерді шектеу.

	арттыру.	
--	----------	--

Спорттық оқу бөлімдерінде спорттық мамандану талаптарын орындаған, денесі жақсы дамыған және даярлығы мол, жоо-да кең тараған спорттың бір түрімен тереңірек айналысуға ұмтылысы бар дәрігерлік негізгі топтың студенттері айналысады. Оқу топтарының саны мен мамандануын материалдық және штаттық мүмкіндіктерді есептей отырып жоғарғы оқу орынын анықтайды.

Оқу бөліміндегі топтардың толықтырылуы жаттығушылардың спорттық мамандануы мен спорт түріне байланысты болады.

3-кесте.

Спорттық жетілдіру бөлімінде оқу сабақтарының сағаттарын бөлу

Оқу топтары	Аптадағы сағат саны	Бір оқытушыға келетін жаттығушылар саны
Жаңа бастағандар және III разрядты спортшылар	6	12-14
II разрядты спортшылар	6	10-12
I разрядты спортшылар, СШК, СШ	8	8-10
Спорт ойындары үшін: III және II разрядты спортшылар	6	Командалардың 3 құрамынан кем болмайтындай. Футбол, хоккей, допты хоккей - 2 құрамынан кем болмайтындай.
I разрядты спортшылар, сшк, сш	8	Командалардың 2 құрамынан кем болмайтындай.

Спорттық жетілу бөліміндегі оқу сағаттары сабақтан тыс кезде жүргізілуі мүмкін, спорттық жетілу бөліміндегі сабақты өткізудегі сағаттар оқу жүктемесіне немесе қызмет еңбек ақысының 0,5 ставкасына енгізіледі.

Бір оқу тобынан студентті екіншісіне ауыстыру оқу жылы немесе семестр аяқталғаннан кейін жүзеге асырылады.

Науқастануына байланысты студентті арнайы оқу тобына ауыстыру оқу жылының кез келген уақытында жүргізіледі.

Сабақгы ұйымдастыру түрлері (формалары)

Студенттердің дене тәрбиесі ЖОО-дағы оқудың барлық кезеңі бойында өткізіледі және төмендегідей формаларда жүзеге асырылады.

Оқу сабақтары

Теориялық, әдістемелік және практикалық сабақтар студенттер дене тәрбиесінің негізгі түрлері болып табылады, барлық мамандықтар түрлері бойынша оқу жоспарларында қарастырылады және аптасына 4 сағаттан кем болмайтын ретпенен ЖОО-ның сабақ, кестесіне енгізіледі.

Оқу кестесін жасағанда 2 академиялық сағаттан екі рет өткізілетін сабақты апта ішінде біркелкі өту жоспарланады. Бір күн ішінде дене тәрбиесі бойынша екі жұп сабақта қатар өткізуге рұқсат етілмейді.

Оқудан тыс сабақ түрлері

- Оқу күні режиміндегі дене жаттығулары (дене шынықтыру үзілістері, дені шынықтыру минуттары);
- Спорт клубтарындағы, секциялардағы қызығушылығы бойынша сабақтар;
- Дене жаттығуларымен, саяхатпен дербес айналысу;
- Көпшілік сауықтыру, дене шынықтыру шаралары (денсаулық күні, жарыстар, спорттық мейрамдар, Универсиадалар, Спартакиадалар).

Дене тәрбиесі формаларының барлық түрлерін кешенді түрде пайдалану, дене тәрбиесін студенттердің өмір салтына енгізуге, дене қозғалыс белсенділігінің оңтайлы деңгейіне (аптасына 8-10 сағаттан кем емес) жетуге көмектеседі. Оқудың барлық кезеңі бойында сабақ барысында міндетті дене тәрбиесі сабағын дене туралы білімді жетілдіру сабағына айналдырып, дене жаттығулары жүйелеріне, спорт түрлеріне қызығушылығын есептей отырып, оқу сабағынан сабақтан және аудиториядан тыс жұмыстарға біртіндеп ауысу қажет.

ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Жоғары кәсіптік білім Дене тәрбиесі (валеологиямен қоса) барлық мамандықтар мен дайындау бағыттарына арналған

Енгізу күні 2002.09.01

1 Кіріспе

Жоғары оқу орнындағы дене шынықтыру қазіргі мамандардың жалпы кәсіби мәдениетін қалыптастыру бойынша ұлттық бағдарламаның бөлінбес бөлігі болып табылады. Барлық мамандықтар үшін міндетті болып табылатын оқу есебінде, ол кәсіби дене даярлығын қамтамасыз етеді, салауатты өмір салтын саналы түрде жүру қажеттілігін тәрбиелеу жан-жақты дамыған жеке түрде қалыптастыру құралдарының бірі, денсаулықты нығайтудың факторы даярлық барысында студенттердің, дене және психикалық жағдайына ыңғайлы болып табылады.

Бұл бағдарламаның негізгі желісі "Дене тәрбиесі мен спорт туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен және Республика Президенті Н.Ә.Назарбаевтың "Қазақстан-2030" стратегиялық бағдарламасында дене тәрбиесі мен спорт дамыту өзара тығыз үйлесім тапқан.

Осы бағдарлама студенттердің дене тәрбиесі саласындағы білімін көтеруге басты назар аудара отырып құрастырылды. Ол мектептер мен орта арнайы орындары оқушыларының дене тәрбиесі бағдарламаларымен оқу процесін сабақтастығын қамтамасыз етеді.

Бұл үлгі бағдарламаның негізінде жоғары оқу орындарының дене тәрбиесі кафедралары ЖОО-ның кәсіби бағытына, оның орналасқан аймағы кадрлармен қамтылуына, материалдық-техникалық базасының жеткіліктілік байланысты нормаларға, ұйымдастыруға, мазмұнына, әдістеріне, талаптарына ғылыми негізделген өзгерістер мен толықтырулар енгізе алады.

2 Пәндер мазмұны

3. Оқу бағдарламаларының негізгі тарауларын оқу сағаттарына бөлу

1-3 курстарда бағдарламаның негізгі 3 тарауын меңгеру үшін міндетті сағаттарының шамамен бөлінуі бағдарламада ұсынылған.

Ресми басылым

Курс	Тараулар бойынша сағаттар саны			Барлығы
	Теориялық	әдістемелік	практикалық	
1	8	8	124	140
2	8	8	124	140
3	6	6	108	120
Барлығы:	22	22	356	400

Пән бойынша оқу сағаттарының үлгілік бөлінісі

№	Тараулар мен тақырыптар	Барлық оқу сағаттары	Соның ішінде		
			дәріс	әдіс-к	практ-к
1	2	3	4	5	6
1 оқу жылы					
1.	Дене шынықтыруға кіріспе, пәнді оқып үйрену объектісі мен әдісі. Дене шынықтыру қоғам өміріндегі әлеуметтік құбылыс ретінде. ККДД.	2	2		
2.	Дене шынықтыру Сабақтарындағы техника қауіпсіздігі	2		2	
3.	Дене шынықтырудың жаратылыстану-ғылыми негіздері	2	2		
4.	Қозғалыс белсенділігінің тәртібі мен жұмыс қабілеті.	2	2		
5.	Дене жаттығуларының жүйесі	2	2		
6.	Жалпы функционалды дайындықты дене шынықтыру дайындығы арқылы дамыту	32			32
7.	Ертеңгілік гигиеналық Кешенді гимнастика жасау Ережелері	2		2	
8.	Дене шынықтыру қасиетін дамытты	42			42
9.	Өзін-өзі бақылау негіздері	2		2	
10.	Дене шынықтыруды дамыту бағасы. Дене шынықтыру денсаулығы төлқұжаты	2		2	
11.	Кәсиби-қолданбалы дене шынықтыру дайындығы (арнайы дене шынықтыру дайындығы) Профессиограммалар	46			46
12.	Бақылау нормативтерін қабылдау	4			4
	Барлығы:	140	8	8	124
2 оқу жылы					
1.	Дене шынықтыру мен негіздері	2	2		
2.	Өндірістік гимнастиканы кешендік	2		2	
3.	Қозғалыс әрекеттері: оқыту жетілдіру	30			30

4.	Дене шынықтыру қасиетін дамыту және жетілдіру	36			36
5.	Дене жаттығуларын өз бетімен орындау сабақтарының әдістеме негіздері	2	2		
6.	Дене шынықтырулар психологиялық және тұлғалық қасиеттерді тәрбиелеу	2	2		
7.	Болашақ мамандардың қолданбалы дене шынықтыру дайындығы	56	2	2	52
8.	Дене шынықтыру кезінде ағза күйін өзіндік бақылау	2		2	
9.	Емтихандық сессия кезіндегі дене белсенділігі	2		2	
10.	Кәсіби-қолданбалы дене дайындығы бойынша бақылау нормативті қабылдау	6			6
	Барлығы:	140	8	8	124
3 оқу жылы					
1.	Таңдаған спорт түрінің (техника мен тактика) шеберлік негіздері мен тарихы	2	2		
2.	Дене денсаулығы деңгейін және басқару тәсілдерін бақылау	2	2		
3.	Функционалдық дайындық деңгейі мен жақсарту тәсілдерінің қозғалысы	2		2	
4.	Жарыстарды өткізу мен ұйымдастыру жарыс түрлері	2	2		
5.	Ағзаны сауықтырудың, бағдарламасы. Бос уақытты белсенді ұйымдастыру	2		2	
6.	Таңдаған спорт түрі бойынша төрешілік ережелері	2		2	
7.	Функционалдық және дене дайындығын жетілдіру	26			26
8.	Таңдаған спорт түрі бойынша жетілдіру	78			78
9.	Бақылау нормативтерін қабылдау	4			4
	Барлығы	120	6	6	108
	Қорытынды	400	22	24	354

4. Теориялық тарау

Бағдарламаның теориялық материалы дене тәрбиесі бойынша жаратылыстану ғылымы, психология-педагогика жүйесіндегі арнайы білімдерді меңгеруі, сонымен бірге өзін-өзі бақылау бойынша білімдер мен іскерліктерді қалыптастыруды қарастырады.

Бірінші оқу жылы

Негізгі міндеттер: бақылау сынақтары (тестілер) бойынша студенттер денесінің дамуы мен дене даярлығының деңгейін анықтау. Салауатты өмір салты негізін меңгеру. Күш, жылдамдық, шыдамдық, ептілік секілді негізгі дене қасиеттерін дамыту. Денсаулығын нығайту, табиғат факторларын пайдалана отырып ағзаны шынықтыру.

1-тақырып. Дене тәрбиесі қоғам өміріндегі әлеуметтік құбылыс есебінде.

"Дене шынықтыру" пәніне кіріспе. Дене шынықтыру теориясының негізгі ұғымдары. Үйрену объектісі (қозғалыс қызметі, дене жүйелері, жаттығулары, дене туралы білімі, дамытуы, дайындығы, жетілдіруі). Зерттеу әдістері. Ғылым дамуының қысқаша тарихи очеркі (соғысқа дейін, соғыстан кейін, қазіргі).

Дене тәрбиесі қоғамдағы әлеуметтік құбылыс есебінде. Дене тәрбиесі мен спорттың атқаратын әлеуметтік қызметтері. Дене тәрбиесінің негізгі түсініктері.

Жоғары мектеп жағдайында мамандарды даярлау жүйесіндегі дене тәрбиесі, оның кәсіби бағыттылығы. Дене тәрбиесіне студенттерді мәнді түрде бағыттау ерекшеліктері.

Студенттер үшін дене тәрбиесі бойынша оқу бағдарламасы. Оқу бағдарламасының мазмұны, оның негізгі тараулары. Студенттерді оқу бөлімдері мен топтарына бөлу. Оқу бағдарламасын меңгеру өлшемдері, сынақ, талаптары мен бақылау нормативтері. Дене тәрбиесімен, спортпен, туризммен айналасудың сабақтан тыс түрлері. ЖОО мен факультеттердегі сауықтыру, дене тәрбиесі және спорттық шаралар. Спорт клубының ролі және ЖОО-ның дәстүрлері.

2-тақырып. Қозғалыс белсенділігі тәртібі және жұмыс қабілеттілігі

Студенттердің оқу еңбегін ұйымдастыру ерекшеліктері және негізгі психофизиологиялық сипаттамалары. Оқу және еңбек қызметі барысында жұмыс қабілеттілігінің өзгеруі, оны анықтайтын факторлар. Студенттердің сезім-жүйкесінің қажуы мен шаршауының өлшемдері, дене тәрбиесі құралдары арқылы оларды болдырмау шарасын алу. Қозғалыс режимі - денсаулық сақтау мен нығайтудың маңызды факторларының бірі.

Денені жетілдіру негіздері. Дене жаттығулары және спортпен айналысудың себептері мен формалары. Сынақтар мен емтихандар кезіндегі дене жаттығулары және спортпен айналысу.

Дене жаттығулары және спортпен айналысу әсерімен ағзаның денсаулық жағдайын анықтау. Өзін-өзі бақылау, оның субъективтік және объективтік көрсеткіштері. Стандарттарды, антропометрлік индекстерді, жаттығулар сынақтарды (тестілерді) дененің дамуын, дене даярлығын, ағза жүйелері функционалды жағдайларын бағалау үшін пайдалану.

3 - тақырып. Дене тәрбиесінің жаратылыстану-ғылыми негіздері

Адам организмі биологиялық бірыңғай, күрделі жүйе есебінде. Нерв жүйесі. Жүрек-қан тамырлары, тыныс алу, ас қорыту және бөліп шығару жүйелері. Денені жаттықтыру барысында организмнің жекеленген жүйелерінің заңдылықтары.

Қозғалыс белсенділігі организмнің қоршаған ортамен өзара байланысын маңызды фактор есебінде. Дене жаттығуларын орындауда организмде жүріп атын және ұзақ уақыт спорттық жаттығу әсерінен болатын өзгерістер. Дене жаттығу қызметтік дайындық төлқұжаты.

4 - тақырып. Салауатты өмір салты негіздері

"Салауатты өмір салты" түсінігі, оның мазмұны, студенттердің тұра тіршілігімен байланысы; салауатты өмір салтын анықтайтын факторлар мен демалысты дұрыс алмастырып отыру, қолайлы тамақ, зиянды әдеттер бойды аулақ ұстау, қозғалыс белсенділігі және шынығу. Оқу еңбегі мен жаттығулары және спортпен айналысудың гигиеналық жағдайлары. П.И.Ивановтың табиғи сауықтыру және шынықтыру жүйесі.

Әдістемелік тарау

Бұл сабақтар дене жаттығуларымен дербес айналыса білу дағдылар студенттерде қалыптастыруға бағытталған. Ұсынылып отырылған тақырыптар әрқайсысы арнайы жасалынған әдістемелік ұсыныстар барысында ашық меңгеріледі. Әдістемелік іскерліктер мен дағдылар практикалық сабақтарда, кеңес беруде қалыптасып, кейінгі практикалық сабақтарда баянды етіледі.

Ескеріу: әдістемелік сабақтардың негізі тақырыптарының тізімі әрбір кеңейтілуі мүмкін оқу орнының ерекшелігін ескере отырып толықтырылуы және кеңейтілуі.

1-тақырып. Дене шынықтыру сабақтарындағы техника қауіпсіздігі

- а) жарақат алу себептері мен алдын алу тәсілдері;
- ә) сабақтардағы жарақаттардың сипаттамасы және оның алдын алу.
- б) сабақ өтетін орындарға қойылатын талаптар

2 - тақырып. Өзін-өзі бақылау негіздері

- а) өзін-өзі бақылау, оның субъективтік және объективтік көрсеткіш
- ә) жүрек соғысының жиілігін, қан қасымын, өкпе сиымдылығын өлшем біліктілігі мен дағдыларын қалыптастыру;
- б) шаршаудың сыртқы белгілері бойынша денеге түсетін жүктемені білуін бағалау.

3 - тақырып. Дене дамуын бағалау

- а) антропометрикалық карапайым өлшемдер: бой, салмақ, кеуденің көлемі, қол күші;
- ә) салмақ-бой индексі, күш индексі;
- б) жеке көрсеткіштерін индекстермен және стандарттармен салыстыру.
- в) жеке денсаулық төлқұжатын жасау (1.2 қосымша).

4 - тақырып. Таңертеңгілік гигиеналық гимнастика кешендерін құрастыру ережесі

- а) таңертеңгілік гигиеналық гимнастиканың маңызы;
- ә) жалпы дамытатын жаттығуларды сұрыптау (анатомиялық белгілері бойынша);
- б) жалпы дамытатын жаттығуларға тән ерекшеліктер;
- в) өзінің, сырқатына сәйкес келетін жеке жаттығу кешендерін таңдап алу.

Студенттердің дербес жұмысы

1 - тақырып. Салауатты өмір салты туралы әдебиеттермен танысу.

2 - тақырып. Таңертеңгілік гигиеналық гимнастика (ТГГ) кешендерін меңгеру. ТГГ кешендерін дербес таңдап алу және көрсету

Екінші оқу жылы

Негізгі міндеттер: дене жаттығуларымен жүйелі түрде айналысу қажеттілігін саналы түрде түсінуді тәрбиелеу, өзін-өзі бақылау бойынша білімдер мен практикалық дағдыларды меңгеру, дене даярлығы деңгейін көтеру, дене қасиеттерінің дамуындағы өзгерістерді бағалау, кәсіби-қолданбалы дене даярлығы.

1 - тақырып. Дене және спорттық даярлық негіздері

Дене даярлығы: жалпы және арнайы дене қасиеттері: күш, жылдамдық, шыдамдылық, ептілік, иілгіштік. Дене қасиеттерін басым дамытудың негізгі құралдары мен әдістемелік заңдылықтары.

Дене тәрбиесі жүйесіндегі спорт.

2 - тақырып. Дене жаттығулармен дербес айналысу әдістерінің негізі

Дене жаттығуларымен дербес айналысудың маңызы. Дербес айналысу түрлері: таңертеңгілік гигиеналық гимнастика, атлетикалық гимнастика, жаттығу түрінде айналысу.

Дербес жаттығудың мазмұны және әдістерінің негізі. Жаттығудың құрылымы: міндеттерді шешу реттілігі және осыған сәйкес келетін дене жаттығуларының алмастырылып отыру реттілігі. Ұзақтығы, құрылымы, жаттығудың кезеңдері. Дене жүктемелерін реттеу. Жүктеменің көлемі мен үдемелілігін байланыстыру.

Ағзаның жағдайына бақылау. Дененің жағдайын, оның дамуын, дене даярлығын, ағза жүйесінің функционалды өзгерістерін бейнелейтін өзін-өзі бақылау күнделігі.

3 - тақырып. Дене тәрбиесі құралдары арқылы психикалық және жеке тұлға қасиеттерін тәрбиелеу

Жеке тұлғаның өзін-өзі бағалай білуінің негізгі тәсілдері (өзін-өзі бақылау, өзінің ісін талдау, өзін-өзі бағалау). Кәсіби бағыты, қоғамдық белсенділігі секілді жеке тұлғаның қасиеттерін тәрбиелеу шарттары. Еңбек сүйгіштік, тәртіптілік секілді жеке тұлғаға тән және мінез-құлық ерекшеліктерін тәрбиелеу шарттары. Интеллектуалдық (творчестволық ойлау, байқағыштық, есте жақсы сақтау және т.б.), ерік (батылдық, шешімділік, алған беттен қайтпайтындық, мақсатқа жетушілік, ұстамдылық, төзімділік), сезімталдық (сезімнің тұрақтылығы, кішіпейлділік, эстетикалық қабылдау және басқалары) секілді жеке тұлға қасиеттерін тәрбиелеу шарттары. Реакцияның жылдамдығы, вестибулярлық тұрақтылық, бұлшық еттердің күш жұмсауын реттеу, ауыса білу, зейіннің тұрақтылығы секілді арнайы қасиеттерді тәрбиелеу шарттары.

4 - тақырып. Болашақ мамандардың кәсіби-қолданбалы дене даярлығы (КҚДД)

КҚДД-ның анықтамасы, оның мақсаттары мен міндеттері. КҚДД-ның қажеттілігін және жалпы бағытын анықтайтын әлеуметтік-экономикалық факторлар. Студенттердің дене тәрбиесіндегі КҚДД-ның орыны. ЖОО оқу процесінде КҚДД-ны ұйымдастыру, формалары мен құралдары. Студенттердің мамандығы, мамандануы бойынша КҚДД-ның нақты мазмұнын анықтайтын факторлар. Қолданбалы білімді меңгеру, қолданбалы іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыру, дене жаттығулары және спортпен айналысуға басты назар аудару. Спорттың кәсіби-қолданбалы түрлері. Болашақ маманға қажетті жеке тұлғаның психологиялық қасиеттерін тәрбиелеу үшін дене жаттығуларымен үздіксіз айналысудың тәжірибесі мен мүмкіндіктерін пайдалану. Қолданбалы спорт түрлерінен және КҚДД-ның құралдарының бірі есебінде оның жеке бөліктерінен (элементтерінен) спорттық жарыстар.

Арнайы оқу бөлімдерінің студенттеріне үйлесетін төмендегідей дәрістер қосымша ұсынылады:

5 - тақырып. Дене жаттығуларының жүрек-қан тамырлары жүйесіне әсері

Жүрек-қан жүретін жүйенің басты мүшесі.

Дене жаттығуларын пайдалану үшін және жүрек-қан тамырлары сырқаты бар адамдардың қызметін реттеп отырудың теориялық алғы шарттары.

Қан айналысының функционалды жүйесінің көрсеткіштеріне дене жаттығуларының әсері.

Күре тамырдағы қан жүрісін жақсарту.

6 - тақырып. Тыныс алу жүйесіне дене жаттығуларының әсері

Тыныс алу жүйесінің құрылымы. Бұлшық ет қызметі мен тыныс алу жүйесінің физиологиялық және функционалды байланысы. Дене жаттығуларымен айналысу кезіндегі тыныс жүйесінің қосымша мүмкіндіктері.

Ағза үшін тыныс алу гимнастикасының маңызы.

Әдістемелік тарау

1 - тақырып. Дене тәрбиесімен айналысу барысында организм жағдайын өзі бақылау

- а) жүрек соғысының жиілігі, тыныс жиілігі бойынша денеге түскен жүкгемені (ауырлықты) бағалау;
- ә) әртүрлі үдемеліліктегі дене жаттығуларына (жүгіру, жалпы дамытатын жаттығулар, дене қасиеттерін дамыту үшін жаттығулар) ағзаның реакциясын анықтау;
- б) физиологиялық жағынан өткізілетін айнымалы түрдегі (бірде жоғары, бірде төмен) сабақ.

2 - тақырып. Емтихан сессиясы кезіндегі дене белсенділігі:

- а) "сергектік минуттары" жаттығулар кешені;
- ә) көру кезіндегі шаршауда көз еттерін нығайтатын жаттығулар кешені;
- б) аутогенді жаттығудың бір түрі.

3 - тақырып. Нақғы мамандыққа сәйкес келетін кәсіби-қолданбалы дене даярлығы

- а) таңдап алынған мамандықты меңгеруге жағымды әсер ететін дене және психикалық қасиеттер деңгейін бағалау;
- ә) кәсіби маңызды дене және психикалық қасиеттерді дамыту әдісі.

4 - тақырып. Өндірістік гимнастика

- а) өндірістік гимнастиканың түрлері, оны өткізуді ұйымдастыру және жұмыстың жағдайы мен сипатын, жаттығушылардың жеке ерекшеліктерін есептей отырып кешендерді құрастыру әдісі;
- ә) дене тәрбиесі құралдары арқылы кәсіби сырқаттардың алдын алу;
- б) кәсіби сырқаттың алдын алуға себепші болатын жаттығулар кешенінің әртүрлі нұсқасын үйрену.

Арнайы оқу бөлімдерінің студенттеріне үйлесетін төмендегідей тақырыптар қосымша ұсынылады:

5 - тақырып. Сырқаттан сауығуға бағытталған жаттығулар кешен құрастыру

а) дене жаттығуларының түрлеріне кері әсер етпейтіндей жаттығулар кешенін құрастыру.

Студенттердің дербес жұмысы

1 - тақырып. Өзін-өзі бақылау мәселелері бойынша кең тараған әдебиеттермен танысу

2 - тақырып. Аэробикалық бағыттағы құралдарды пайдаланудағы білімдерді меңгеру және дағдыларға ие болу

Оқудың үшінші жылы

Негізгі міндеттер: бос уақытты көңілді өткізу біліктілігі мен практикалық іскерліктерді меңгеру, спорттың бір түрінің техникасы мен тактикасын меңгеру (таңдауы бойынша спорттық мамандану), "дене даярлығының, Президенттік сынамаларын" орындауға студенттерді даярлау, кәсіби-қолданбалы дене даярлығы.

1— тақырып. Денсаулық деңгейін бағалау, оны жақсарту

Денсаулық түсінігі. Денсаулық өлшемі. Адамды сауықтыруға кешенді түрде келу. Денсаулық деңгейін арттыру үшін қажетті негізгі дене жаттығуларының сипаттамасы.

Аэробикалық бағыттағы сабақтың құрылымы.

Ағзаның жасқа байланысты өзгерістерімен байланысқан дене жаттығуларын айналысу әдістерінің ерекшеліктері.

2 — тақырып. Ағзаны сауықтырудың дәстүрлі емес құралдары және жұмыс қабілеттілігін арттырудың қосалқы құралдары

Ағзаны тазарту (ішектерді, бауырды, бүйректі, буындарды). Бөліп тамақтану. Витаминдердің, микроэлементтердің азықтық көздері.

Жұмыс қабілеттілігін арттырудың қосалқы құралдары (гидро-процедура моншалар, сылап-сипау және өзін-өзі сылап-сипау, аутогенді жаттығу).

3 - тақырып. Таңдап алынған спорт түрінің, техникалар мен тактикалар негізі

Тарихи шолу. Жалпы және арнайы дене даярлығы. Техникалық даярлық. Тактикалық даярлық. Психологиялық даярлық.

4 - тақырып. Жарыстарды ұйымдастыру және өткізу. Жарыстардың түрлері.

Жарыстарды өткізуге қажетті құжаттар. Жарыстардағы төрешілер алқасы құрамы және олардың жұмысы. Жарысты даярлау, өткізу және төрешілік ету.

Әдістемелік тарау

1 - тақырып. Ағзаны сауықтырудың жеке бағдарламасы:

- а) денсаулық деңгейін бағалау;
- ә) ағзаны сауықтырудың; жеке бағдарламасын құрастыру;
- б) отбасындағы дене шынықтыру- сауықтыру негіздері;
- в) Отбасылық спорттық қызығушылықтар (бадминтон, волейбол, үстел теннисі, шаңғымен, конькимен сырғанау);
- г) ойындар - аттракциондар, эстафеталар.

2 - тақырып. Белсенді демалысты ұйымдастыру:

- а) отбасылық саяхат жорықтары дағдыларына үйрету;
- ә) отбасылық спорттық әуестенушілік (бадминтон, волейбол, стол теннисі, шаңғымен, конькимен сырғанау);
- б) ойындар-аттракциондар, эстафеталар.

3 - тақырып. Спорттың таңдап алынған түрінен төрешілік ету ережелері бойынша әдістемелік семинар

- а) ойын ережесі;
- ә) уақыт есептеу ережесі;
- б) ойыншыларға қатысты ереже;
- в) ойынды бұзу және жазалау.

Студенттердің дербес жұмысы

1 - тақырып. Таңдап алынған спорт түрі бойынша әдебиеттерден спорттық жарыстарды өткізуді оқып-үйрену;

2 - тақырып. Спорттық жарыстарды өткізу;

3 - тақырып. Қалыс қалған дене қасиеттерін дамыту бойынша оқытушының тапсырмаларын орындау

5 Практикалық тарау

Бағдарламаның практикалық тарауының мазмұны дене тәрбиесі бойынша білім мен практикалық іскерліктің бірлігін студенттерде қалыптастыруға белсенді түрде пайдалану, салауатты өмір салтын ұйымдастыру үшін қажет болатын дене және психомоторлы, кәсіби маңызды қасиеттерді, қозғалыс іскерлігі мен дағдыларды дамытуға, оқу, кәсіби, қоғамдық, тіршіліктің тұрмыс аясында туындайтын міндеттері шешуге, дене туралы өз білімін көтеріп және жетілдіруді дене тәрбиесі процесіне енгізуге бағытталған.

Арнайы бөлімнің студенттері үшін практикалық оқу материалы олардың денсаулық жағдайын есептей отырып жасалады. Ол дене тәрбиесі құралдарын пайдалануда сауықтыру, науқастың алдын алу бағыттылығына ие болуы, даярлық деңгейіне байланысты жаттығушыларға дербес және дифференциялық тұрғыдан, сонымен бірге паталогиялық процестен туындаған ағзадағы құрылымдық және функционалды ауытқушылықтың көрінісі мен сипаты тұрғысынан келуді қарастыру керек. Бағдарламаға дене дамуы мен ағзаның функционалды жағдайындағы, денсаулықтағы ауытқушылықты жою үшін арнайы құралдарды енгізу қажет.

Сабақ спорттың әртүріне енетін жаттығулар мен құралдарды пайдалана отырып көп жағдайда кешенді сипатқа ие болуы керек. Бұл ретте ұлттық спорт түрлері мен қозғалыс ойындарын көбірек пайдаланған тиімді болмақ.

Құралдарды іріктеп алғанда реттілік, жүйелілік, оңтайлылық, жан-жақтылық және басқалар секілді дене тәрбиесінің негізгі қағидаларын сақтау қажет.

Кафедраның әдістемелік кеңесі ЖОО-ның айрықша ерекшеліктеріне, контингентіне, спорттық-техникалық базасы мен штатты құрамына байланысты оқу бағдарламаларындағы практикалық сабақтардың мазмұнын нақтылайды.

Қозғалыс қимылдары Үйрету және жетілдіру

Жалпы дамытатын және арнайы даярлық пен жетектеу үшін жаттығулар. Қозғалыс жүйесіне үйрету. Нәтижені көтеру мақсатында стандартты емес жағдайларда қозғалыс техникасын жетілдіру. Үйренетін қозғалыс-қимылды қолданбалы тәсілдермен орындаумен танысу.

Үйреніп жатқан жаттығулар мен спорт түрлерінде қозғалыс іскерлігі мен дағдыларды қалыптастыру. Қозғалыс дағдыларын баянды ету.

Шаршауға, эмоционалды көріністерге және басқа да кедергі келтіретін факторларға қарсы тұрақтылықты тәрбиелеу. Қозғалыс қимылдарын тиімді орындауға ағзаның қабілеттілігін қалыптастыру.

Дене қасиеттеріні дамыту (жалпы дене даярлығы)

Шыдамдылық

Жалпы шыдамдылық. Жүру, тросокпен (джогинг) жүгіру, спорттық бағдарлау, шаңғымен, конькимен жүру, жүзу, велосипед спорты, ырғақты гимнастика және басқалар 30 минуттан 1-2 сағатқа дейін шаршағанша, бірқалыпты және ауыспалы әдістер мен көп жағдайда аэробикалық бағытта орындалады.

Спорттық ойындар: футбол, регби, баскетбол.

Ұлттық қозғалыс ойындары: "Жасырынбақ", "Қуаласпақ", "Ұрма доп", "Айнала жүгіру".

Арнайы оқу бөлімінің студенттеріне сәйкес келетін терренкур (мөлшерленген жүріс) ұсынылады.

Арнайы шыдамдылық. Шапшаңдық шыдамдылығы. Көп жағдайда анаэробтық мүмкіндіктерді дамытуға бағытталған ауыспалы, қайталау, аралық әдістермен орындалатын циклды және жарыстық жаттығулар.

Күш төзімділігі. Күш жаттығуларын (ауырлықтармен) барынша қайталап орындау.

Ацикликалық қозғалыстардағы шыдамдылық. Жарыстық жаттығуларды немесе оның бөліктерін (элементтерін) жарысу уақытын арттыра отырып ұзақ уақыт орындау. Жаттығуды немесе оның бөліктерін бір сабақтағы тығыздығын арттыру (үзілістерді азайту) есебінен уақыт өлшемінде қайталау санын арттыру. Апталық циклда сабақтың санын көбейту.

Күш және шапшаңдық-күштілік қабілеттері

Өз салмағын және оның жекеленген бөліктерін ауырлатып орындалатын жаттығулар. Серігінің салмағын ауырлатып және оның қарсыласуымен, серпелі созылмалы заттардың (эспандерлер мен резина амортизаторлар) қарсылығымен, гимнастикалық снарядтар мен тренажерларды ауырлатумен орындалатын жаттығулар. Атлетикалық гимнастика.

Орнынан және екпін алып ұзындыққа және биіктікке секіру. Тереңге, толық отырған жағдайдан жоғары, тереңге секіріп түскен бойда жоғары, ауырлықтармен секіру. Доптарды, дискіні, найзаны лақтыру, ядро серпу, нығыздалған доптарды лақтыру. Шапшаңдық-күштілік жаттығуларын кешенді түрде пайдалану.

Спорттық ойындар: баскетбол, волейбол, регби, қол добы. Ұлттық қозғалыс ойындары: "Арқан тартыс", "Ақ терек, көк терек", "Ақсақ қасқыр", "Түйілген орамал", "Әтештер қақтығысы", "Кім қашыққа секіреді" және т.б.

Қозғалыс жылдамдығы

Қашықтықтың қысқа қиындыларында бар шапшандықта жақсы игерген техникамен қайталап орындалатын циклды жаттығулар (бастаушыға ілесе, үдетіп жүгіру, еңіске қарай жүгіру, конькимен жүгіру, жүзу, велосипед спорты және басқалар).

Арнайы жүгіру жаттығулары.

Кенеттен берілген белгі бойынша шапшаң жүгіру. Эстафеталар.

Тұтас жаттығуларды немесе ацикликалық спорт түрлеріндегі (гимнастика, спорт ойындары, жекпе-жектер және басқалары) оның бөліктерін бар жылдамдықпен орындау. Жарыстық жаттығуларды немесе оның бөліктерін жеңілдетілген және ауырлатылған жағдайларда жылдам екпінде орындау.

Жеңілдетілген және ауырлатылған снарядтарды әдеттегі салмақтағы снарядтармен кезектестіріп лақтыру. Спорттық, қозғалыс және ұлттық ойындар: "Нөмерлерді шақыру", "Күн мен түн", "Орта-думан", "Қасқұлақ".

Қозғалыс үйлесімділігі

Үйлесімділігі күрделі жаңа қозғалыс қимылдарын үнемі үйрену және меңгеру. Сыртқа жағдайлардың, өзгеруімен байланысты қозғалыс қызметін жылдам ауыстырумен орындалатын жаттығулар (гимнастика, спорт ойындары, жекпе жек түрлері).

Әдеттен тыс байланыстарда түрліше жаттығуларды орындау: орнынан ұзындыққа секіру, секіру бағытына арқаны беріп тұрып секіру. Жерге түсер алдында қосымша бұрылу мен тіреліп секіру; ойын кезінде түрліше тактикалық әрекеттер мен техникалық тәсілдерді және басқаларды қолдану. Жаттығуларды орындау тәсілдерін ауыстыру, орындайтын қозғалыс-қимылдың кинематикалық және динамикалық сипаттамасын өзгерту. Қозғалыс іскерлігі мен дағдыларының қорын арттыру. Спорт ойындары: бадминтон, баскетбол, волейбол және үстел теннисі.

Ұлттық және қозғалыс ойындары: «Соқыр теке», «Ақсақ тырна», «Доп қуалау», «Командалармен жүгіру», «Пингвиндер жүгірісі».

Иілгіштік

Қозғалыс амплитудасының артуымен еттердің, ет сіңірлерінің және байланысының созылуына арналған жаттығулар. Біртіндеп арттырып амплитудамен орындалатын еркін белсенді қозғалыстар. Өзінің күш есебінен, серігінің көмегімен немесе ауырлатумен қозғалыс амплитудамен арттыра орындалатын жаттығулар. Мөлшерленген және сырттан барынша көрсетумен, ауырлықпен және оларсыз орындалатын қарапайым, серіппелі қозғалыстар. Снарядтар және гимнастикалық снарядты пайдаланып мүмкіндігінше көбірек дәрежесінде статикалық калыпты ұстап тұру.

Кәсіби-қолданбалы дене даярлығы

Кәсіби-қолданбалы дене даярлығы (КҚДД) дене тәрбиесі процесесінің құрамының бөлігі есебінде болашақ кәсіби қызметтің ерекшеліктеріне студенттерді даярлау мақсатында жүзеге асырылады. КҚДД-ның нақты мазмұның ғылыми негіздері мамандану сипаттамасы мен бітіретін мамандардың профессиограммалар есептеу негізінде дене тәрбиесінің кафедрасы жасайды.

Кәсіби-қолданбалы дене даярлығының міндеттері.

- мамандықты ойдағыдай меңгеруге себепші болатын арнайы білімдер қозғалыс іскерлігі мен дағдыларды меңгеру;
- дене тәрбиесінің құралдары арқылы кәсіби маңызды психикалық және қасиеттерін дамытуға баса назар аудару және жетілдіру;
- ағзаның психофизиологиялық мүмкіндіктерін жетілдіру;
- дене тәрбиесі құралдары арқылы еңбекті ғылыми негізде ұйымдастырылым меңгеру;

- өндірістің болашақ басшыларына қажетті ерік және ұйымдастырушы қасиеттерді дене тәрбиесі және спорт құралдары арқылы тәрбиелеу;
- еңбек ұжымында дене шынықтыру-сауықтыру ұйымдастырушысы дағдыларын меңгеру.

КҚДД-ы құралдарын таңдап алу еңбек қызметінің күрделі факторлар ағзаның оңтайлы түрде үйренісуін қамтамасыз етуге бағытталуына себепші болып өндірістің микроклиматтық жағдайына тұрақтылықты арттыру, сонымен қолданбалы қозғалыс үйлесімділігінің қорын кеңейту, дағдыларды ауыстыру мен баянды етуге қатысу.

6. Әдістемелік білімдер, іскерліктер мен дағдылар Өзін-өзі бақылау мен қалыпқа келу әдістері

Студенттерді әдістемелік жағынан даярлау денені жеке жетілдіру үшін тәрбие құралдарын дербес, белсенді түрде пайдалануға даярлау қалыптастыруға, сонымен бірге ЖОО-да, өндірісте, тұрғылықты жерде отбасында сауықтыру, тынықтыру, спорттық және тәрбие жұмыстарын үшін бағытталған. Бұл үшін қажетті білім, іскерлік, дағдылар және болатын мәнді қатынастар оқу сабақтарының барысында қалыптасады, олар дербес негізде студенттердің оқудан тыс қызметінде жетілдіріліп, баянды етіледі.

Студенттер практикалық сабақтарда өзін-өзі танып білу, өзін-өзі реттеу және ағзаның жағдайын өзі басқару тәсілдерін меңгереді. Бұлар интеллектуалды және дене шынықтыру-спорттық қызметті орындау барысында студенттер организмнің психикалық және дене мүмкіндіктерін арттыруды қамтамасыз етеді, тұрмыс тіршілік пен қызметтің түрліше жағдайларындағы психоэмоционалды жағдайдың тұрақтылығын арттырады.

Өзін-өзі бақылау әдістері стандарт, индекс, функционалды сынама және сынақтар көмегімен дене даярлығы бойынша ағзаның функционалды жағдайын және дене дамуын бағалау дағдыларын студенттерде қалыптастыруды көздейді.

Ақыл-ой мен дененің шаршағандығын түсіру, жұмыс қабілеттілігін арттыру үшін студенттер белсенді демалыс, еттер релакциясы, психологиялық жағынан реттейтін жаттығу, сылап-сипау және өзін-өзі сылап-сипау, гидропроцедура және басқалар секілді қалыпқа келтіру әдістерін меңгереді.

Бірінші жыл оқып жатқан студенттер үшін міндетті іскерлік-біліктіліктер қатарына жататындар:

- ағза жүйелерінің дамуы мен функционалды жағдайын баталау;
- негізгі дене қасиеттерінің даму деңгейін сынақтан өткізу және дене даярлығын бағалау;
- танертеңгілік гигиеналық гимнастика кешендерін құрастыру және өткізу.

Оқудың екінші жылғы.

- оқудың 2 жылы ішіндегі дене қасиеттерінің даму өзгерістерін анықтау;
- өндірістік гимнастика кешенін топпенен өткізу;
- белгілі бір дене қасиеттерінің дамуына бағытталған (оқытушының тапсырмасы бойынша) жаттығулар кешенін жасау.

Оқудың үшінші жылы:

- ағзаны сауықтырудың жеке бағдарламасын құрастыру;
- дене қасиеттерін сынау нәтижелерін "дене даярлығының Президенттік сынамалары" нормативтерімен салыстыру;
- жарыстарда төрешілік етуге қатысу.

Дене тәрбиесінің кафедрасы материалдық-техникалық базаның бар жоқтығына байланысты дене тәрбиесі процесінде пайдаланатын спорттық және қозғалыс ойындарын іріктеуді дербес жоспарлайды.

7. Таңдап алынған спорт түрін жетілдіру

Таңдап алынған спорт түрінде техникалық тәсілдер мен жарыстық іс-әрекеттердің шамасын меңгеру және жетілдіру үшін арнайы даярлайтын және жетектейтін жаттығулар. Қозғалыс жүйесіне үйрету. Нәтижеге жету мақсатында стандартты емес жағдайларда қозғалыс техникаларын жетілдіру. Үйренетін тәсілдерді орындаудың қолданбалы әдістерін меңгеру. Техникалық-тактикалық, тәсілдерді жетілдіру барысында қозғалыс іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру. Жарыстық практикадан қозғалыс қимылдарының жиынтығын автоматты түрде басқару. Шаршауға, сезімдік көріністерге және басқа да кедергі келтіретін факторларға тұрақтылықты тәрбиелеу. Жарыстарда қозғалыс қимылдарын тиімді және өзгермелі жағдайларды орындауға ағза қаблеттерін қалыптастыру. Дене, техникалық, тактикалық, психологиялық даярлықтардың байланысы және өзара байланысы. Оқу-тәрбие процесінде интегралды даярлықтың ролі. Оқу, оқу-жаттығу, шеберлікті жетілдіру жарыстары интегралды даярлық факторы есебінде.

8. Сынақ және сынақ талаптары

Дене тәрбиесі бойынша дифференцияланған сынақ оқудың барлық кезеңі бойында әрбір семестрдің соңында алынады. Сынақтық талаптардың мазмұны оқу жылының басында студенттерге мәлім етіледі. ЖОО-ның дене тәрбиесі кафедралары сынақ талаптарының өзіндік жүйесін дербес жасауы мүмкін.

Дифференцияланған сынақтың ұсынылып отырған жүйесі 2, 3 қосымшаларда көрсетілген.

Сынақ талаптарының мазмұнына енетіндер:

- дәрігерлік тексеруден ету;
- белгіленген оқу жүктемесін (сағатпен) орындау;
- жалпы және кәсіби-қолданбалы дене даярлығы жөніндегі сынақтарды (тестілерді) орындау.

Міндетті сынақтар тізіміне "дене даярлығының Президенттік сынақтарының" нормативтік талаптарының құрамдас бөлігі болып саналатын және даму деңгейін анықтайтын жаттығулар енеді:

- шапшаңдық-күштілік даярлығы - 100 м жүгіру, орнынан ұзындыққа секіру;
- еттердің жеке топтарының күшін - ерлердің кермеде (перекладинада) тартылуы, әйелдердің қолдың басын иыққа қойып, аяқты бүтіп, шалқалап жатқан қалыптан 1 мин. ішінде кеудені көтеруі;
- шыдамдылық - 3000 м (ерлер) және 1000 м (әйелдер) жүгіру.

Дене даярлығының бақылау нормативтері демалыс кезінде студенттердің дербес жаттығу белсенділігін, ЖОО-на түсу кезіндегі олардың бастапқы деңгейін сипаттайтын бақылау сынағы есебінде оқу жылының басында және өткен оқу жылы ішіндегі дене даярлығының өзгерістерін анықтау есебінде - оқу жылының аяғында өткізіледі (4,5, қосымша).

КҚДД бойынша нормативтік талаптарды жоғары кәсіби білімінің мамандық бағытын есептей отырып әр жоғарғы оқу орнының дене тәрбиесі кафедрасы жасайды:- теориялық және әдістемелік материалды білуі.

Оқу жылдары бойынша дене тәрбиесі мен спорттың ғылыми-әдістемелік негіздері, салауатты өмір салты қағидалары бойынша өзара үйлестірілген лекциялар, әдістемелік, дербес және практикалық сабақтар циклы жасалынған. Алайда бағдарламаның осы тарауы бойынша студенттердің дене тәрбиесі бойынша сауатының төменгі деңгейін есептей отырып "тапсырды" деген баға қою ұсынылады.

Ұсынылатын әдебиеттер мен бақылау сұрақтарының тізімі 2-ші қосымшада келтірілген.

Бағдарламаның осы тарауының тақырыптарын ЖОО өзгерте алады, бірақ ұсынылатын (оңтайлы) әдбиеттер мен сұрақтарының міндетті қосымшасының тізімі берілуі керек (6 қосымша).

- жарысқа қатысу нәтижелері. Жарыстың қызмет дене тәрбиесі мен спорттық үздіксіз айналысуға студенттерді тартуда ең тиімді құрал болып табылады, жарысқа қатысқандығы үшін беретін мадақтау бағалары дене шынықтыру-спорттық шараларға жастардың қызығушылығын ояту мен қолдаудың ең әсерлі ынталандыруы болмақ.

Арнайы дәрігерлік бөлімнің студенттеріне сәйкес келетін төмендегідей сынақтарды пайдалану ұсынылады:

- 1500 м-ге жеделдетілген жүріс;
- нығыздалған допты бастан асыра лақтыру, аяқтардың арасы алшақ (доптың салмағы әйелдер үшін - 1 кг, ерлер үшін — 3 кг);
- теннис добын 2 м биіктікте орналасқан 100 см x 100 см қалқанға лақтыру (6, 7 қосымшалар).

Кафедра студенттердің болашақ кәсіби қызметі үшін қажетті дене қасиеттерінің даму деңгейін анықтайтын сынақ талаптарын және басқа да тестілер енгізіуі мүмкін. Алайда тестілердің жалпы саны бір семестрде бесеуден аспауы керек.

Үлгілік және міндетті бақылау нормативтерінің тізбесі
Ерлердің денсаулық деңгейін анықтауға ұсынылатын әдіс(Г.Л.Апанасенко бойынша)

Көрсеткіштер	Өлшемі бірлігі	НӘТИЖЕЛЕР				
		501 ж>	451-500	450 ж<	-	-
<u>Дененің салмағы</u> Бой	г/см	501 ж>	451-500	450 ж<	-	-
Ұпайлар	саны	-2	-1	0	-	-
<u>Өкпе сыйымдылығы</u> Дененің салмағы	Мл/кг	50 ж <	51-55	56-60	61-65	66 ж >
Ұпайлар	саны	0	1	2	4	5
<u>Динамометрия</u> Дененің салмағы	%	60 ж <	61-65	66-70	71-80	81 ж >
Ұпайлар	саны	0	1	2	3	4
<u>ЖСЖ және ҚҚ (систола.)</u> 100		111 ж >	95-100	85-94	70-84	69 ж <
Ұпайлар	саны	-2	0	2	3	4
ЖСЖ-ін қалпына келтіру уақыты, 20 рет отырып, тұрғанан кейін	Мин, сек.	>3	2-3	1,30-1,59	1,0-1,29	59 ж <
Ұпайлар	саны	-2	1	3	5	7

Ескерту: денсаулық деңгейі ұпайлардың жиынтығы бойынша бағаланады: «өте жақсы» - 17-21, «жақсы» - 14-16.
«қанағаттанарлық» - 10-13, «қанағаттанғысыз» - 5 -9, «өте нашар» - 4.

Әйелдердің денсаулық деңгейін анықтау (Г.Л. Апанасенко бойынша)

Көрсеткіштер	Өлшемі бірлігі	НӘТИЖЕЛЕР				
		452 ж >	351- 451	350 ж <	-	-
<u>Дененің салмағы</u> Бой	г/см	452 ж >	351- 451	350 ж <	-	-
Ұпайлар	саны	-2	-1	0	-	-
<u>Өкпе сыйымдылығы</u> Дененің салмағы	Мл/кг	39 ж <	40-45	46-50	51-56	57 ж >
Ұпайлар	саны	0	1	2	4	5
<u>Динамометрия</u> Дененің салмағы	%	40 ж <	41-50	54-55	56-60	61 ж >
Ұпайлар	саны	0	1	2	3	4
<u>ЖСЖ және ҚҚ (систола.)</u> 100		111 ж >	95-110	85-94	84-70	69 ж <
Ұпайлар	саны	-2	0	2	3	4
Ғалымдардың дәлелдеуінше күш көрсеткіштеріндегі өзгерістер, мысалы, бұлшық еттердегі өзгерістер, олардың ткандерінде белоктардың көбеюі сияқты болып келеді екен. Машықтанған және машықтанбаған бұлшық еттердегі химизм де әртүрлі болады. Машықтанбаған бұлшық еттер өзінің энергетикалық қорларын қалпына келтіруге көп уақытын кетіреді. Осыған байланысты белгілі биохимик профессор И.Н.Яковлев организмнің бұлшық ет қызметіне өзіне тән биохимиялық бейімделу қағидасын құрды.

Бір әсер етуді жиі қайталай беруден белсенді бейімделу үрдісі белгілі бір уақытқа ғана созылып, кейіннен машықтану әсері мүлдем жоғалады. Сондықтан дене дайындығында ауыртпалықты жоғарылатып, дәйекті машықтануды ұйымдастырып, организмге үнемі жаңа талаптар қойып отыру керек. Ол үшін екі жол бар: машықтану кезінде әр кез ауыртпалықты жоғарылатып, дәйекті машықтануды ұйымдастырып, организмге үнемі жаңа талаптар қойып отыру керек. Ол үшін екі жол бар машықтану кезінде әр кез ауыртпалықты жоғарылатып отыру және ауыртпалықты өзгертіп, оны күшейте түсу.

Бейімделу үрдісінің қасиетіне сүйене отырып әсер етудің тәсілдерін таңдап алуға болады - бірізді дене дайындығындағы ауыртпалықтар, арнайы үйлестіру жаттығулары. Одан кейін олардың жиілігін, күштілігін, ұзақтығын және қайталау санын реттеп, қимылдық қызметтің жаңа қасиеттері мен белгілерін бағытты түрде қалыптастыру керек, яғни оның дамуын бағдарламалы түрде, қажетті бағытта жүргізіп, алға қойылған мақсатқа дәйекті түрде жету керек.

Енді адамның әртүрлі қозғалыс қызметінде машықтанудан болатын өзгерістерге толығырақ тоқталатық.

Ауыр затты көтеру үшін, қарсыласты жеңу үшін, доп немесе гранатаны алысқа лақтыру үшін күш пен ептілік керек. Белгілі бір межені өту немесе жүріп өту үшін, шаршағаннан құламау үшін төзімді болу керек. Спринтер жүгіру дистанциясынан қарсыласты қуып жету үшін немесе ойында оны жеңу үшін шапшандық керек.

Күшті, епті, шапшақ болу деген не? Осы қасиеттер қалай анықталады, олардың даму механизмі қандай? Осыларды меңгеру үшін қалай мамықтану керек? Осы сұрақтарға жауап беріп көрейік.

Адамдардың **күштік қасиеті** қимыл нәтижесінде көрініп, бұлшық еттерінің күштеріне және оны жүзеге асыра білу іскерлігіне байланысты.

Күшті ауыртпалытарға бұлшық еттерде жауап ретінде бейімделушілік өзгешеліктер болады, ол бұлшық ет тамақтарының жұмысқа қатысу санының өсуі мен бұлшық еттердегі химиялық реакциялардың күшеюінен көрінеді. Бұл өзгерістер бұлшық еттерді қосымша энергетикалық материалдармен қамтамасыз етуді қажет етеді. Бұның бәрін бұлшық ет бейімделу үрдісіне организмнің басқа жүйелері, әсіресе энергиямен қамтамасыз ететін жүйелердің барлығының атсалысуының арқасында алады. Қан арқылы бұлшық еттерге көп мөлшерде оттегі, май және көмірсутек, сондай-ақ ферменттер келіп түсіп, бұлшық еттерге осы энергетикалық қорды толық және күшті пайдалануға арқау болады.

Күштік машықтану нәтижесі күн тәртібін сақтауға байланысты. Мысалы, жай бұлшық ет қозғалысымен салыстырғанда машықтанған бұлшық ет күші 1,5-2 есе асады. Сондықтан да, адам жай секіргендегі бұлшық ет күшінен дамыған бұлшық етті адамның секіруінің күші әлде қайда жоғары болып келеді.

Бұлшық еттердің күшінің көрінуі көп жағдайда дене мүшелерінің тірекке қатынасына байланысты. Сондықтан күштік жаттығуларды таңдаған кезде дамытқалы отырған бұлшық етті жұмыс істеуге әсер ететін жаттығуды алу керек.

Жаттығуды орындау қарқынын дұрыс таңдап алу өте маңызды. Күштік жаттығуларды қайталау кезінде орташа қарқында немесе оны қай қарқында жасау оңай соны таңдап алған дұрыс.

Күштік жаттығуларды орындау кезінде таныс алуды дұрыс реттеу керек. Азғантай күш түсіруді қайталауды қажет ететін жаттығуларда танысты ұстап керегі жоқ. Таныс алу мен шығаруды жаттығу ортасында орындаған дұрыс.

Күштік қасиеттерді дамытуға ең ыңғайлысы тартылу арқылы жасалатын /штангы, гирлер, гантелдер, күм толтырылған қаптар, толтырылған доптар, әр-түрлі спорттық снарядтар, т.б. көтеру/, созылмалы заттарды тартуға байланысты /серіппелі эспандерлер, резеңке/, әртүрлі тренажерлермен байланысты, сондай-ақ өз денесін және бөліктерін көтеруге байланысты /секіру, аяқты көтеру/ жаттығулар.

Негізгі қиындық қарсыластық көлемін /салмақ, күштің созылмалылығы/ таңдауда туады. Ол әртүрлі жолдардан жасалуы мүмкін: қайталау санының жоғарлығы, қозғалысты орындаудағы жылдамдық саны және тартылу межесіне сай. Жаңа ғана бастаған дене шынықтыру пәнінің оқытушылары үшін күштік машықтанудың бірінші вариантымен ғана шектелген дұрыс. Екіншісі жылдамдық қасиеттерді машықтану кезінде көмекшілік мағынада қолдануға болады, ал үшінші жоғарғы мамандандырылған және ауыр атлетті спортшылар қолданады.

Жаңа бастаушыларға қайталау саны бір рет жасағанда 5-тен 15 ретке дейін болатын жаттығуларды жасау нәтижелі болады. Тартылу көлемі ең жоғарғы мүмкіншіліктен 35-40 %-тен төмен болмауы керек, яғни егер сіз 10 кг. гантельді негізгі тірекке тұрып жан-жаққа түзу қолмен бір рет көтере алатын болсаңыз, онда гантель салмағы 3,5-4,0 кг. аспауы керек. Тартылу немесе созылу көлемін басқа жолдармен де таңдап алуға болады бірінші күштік машықтанулар кезінде жаттығулар 5-7 рет қайтаналудан ғана тұруы керек. Күш көбейгеннен кейін, сіз жаттығуды 15 рет орындай аласыз, сөйтіп бір жасағанда 5-7 рет бір серияда жасай алуға ие боласыз.

Шапшаңдық - адамның қозғалыс әрекетін қысқа уақыт аралығында орындай алу қабілетін көрсететін дене шынықтыру қасиеті. Ол бір қозғалыстың жылдамдығы, реакция шапшаңдығы, қозғалыстың жиілігі, оны орындаудың жеке фазаларының шапшаңдығы түрінде көрінеді.

Қимыл шапшаңдығы бірінші кезекте бұлшық ет талшықтарының жылдам типтерінің биохимиялық реакциялары мен нервтік үрдістерінің қозғалыстарына негізделген бұлшық еттердің ширығу жылдамдығына байланысты.

Шапшаңдықты дамытуға жауап беретін жаттығулар мына талаптарды қамтиды:

1. Жаттығу соңында шаршаудың нәтижесінде жылдамдықтың төмендеуі болмауы үшін, олардың ұзақтығы 10-15 с. аспауы керек.

2. Қимылды меңгерудің деңгейі мен көрсеткіші оларды жоғарғы жылдамдықта орындай алатындай болу керек.

Шапшаңдықты жетістікті машықтандыру үшін өте жоғарғы жылдамдықта орындалатын жаттығуларды қайталау керек. Жаттығулар арасындағы демалыс интервалдары қайталаудан қайталауға дейінгі жылдамдықтың төмендеп кетпеуін қадағалуы керек.

Жылдамдықтың төмендеуі машықтанудың осы түрін тоқтауға сигнал болып табылады.

Жылдамдық жаттығуларының пішімі, орындалу жағдайы, әр-түрлі бұлшық ет топтарын іске қасу деңгейін аралыстырып отыру пайдалы. Қозғалыс жылдамдығының өсуі тек қозғалыс жылдамдығының ең жоғарғы санына байланысты емес, ең жоғарғы күш көмегіне де байланысты. Бұл жағдайда біз сериямен біраз созылу жаттығуларының қайталаумен орындалатын жылдамдықты – күштік дайындықты айтамыз. Әсіресе әр-түрлі секіру, лақтыру және ұруды қажет ететін қозғалыстар өте пайдалы.

Төзімділік деп адамның белсенді қызметтен, әр-әрекеттен кейін еңбекке қабілетінің уақытша төмендеуіне және шаршауына қарама-қарсы тұра алатын қабілетін айтамыз.

Адамның төзімділікті қажет ететін жаттығуларды функционалдық мүмкіндіктері қозғалысты дұрыс орындай білу іскерлігі мен аэробты жағдайларда ұзақ бұлшық еттермен жұмыс істей білу қабілеттерімен анықталады.

Аэробты мүмкіндіктерді жетілдіруге әсер ететін құралдарға жылдам жүру, жүгіру, жүзу, есу, шаңғымен қозғалу және т.б. шамаға сай күшті /ең жоғарғысы 70-80%/ қажет ететін, олардың кейінгі пульс жылдамдығы минутына 140 тан-170 рет соғатын, қайталана орындалатын жаттығулар жатады. Жеке ауыртпалықтардың ұзақтығы 1.5-3,0 мин. аспай, төмендегі ауырлыққа дейінгі тамыр соғысының жылдамдығы минутына 130-рет соғудан аспауы керек.

Аэробты мүмкіндіктерді күшейту үшін дұрыс тыныс алу техникасын меңгеру керек. Шамалы дене шынықтыру ауыртпалығы жағдайында тыныс терең және тез, мұрыннан шыққаны дұрыс. Ал, жылдам жасалған жұмыста ауызбен терең және жиі тыныс алу дұрыс болады.

Төзімділікті дамытудың бастапқы кезеңдерінде бірқалыпты және үздіксіз жаттығуларды жасау әдісін қолданған дұрыс.

Икемділік - адамның қимылды үлкен амплитудада орындауға қабілетілігін қамтамасыз ететін дене шынықтыру қасиеті. Икемділікті дамытуға көп мөлшерде қайталауды қажет ететін сериялы жаттығулар жатады. Оның қатарына бұлшық етті тарту, созу жаттығуларын жатқызуға болады. Әр-түрлі серияларды орындау кезінде дене бөліктерінің өзара орналасуын бірнеше рет өзгерту пайдалы.

Мысалы, түзу аяққа еңкею жаттығуын, өкшені бірге қойып, иық деңгейінде қойып жасауға, т.б. болады. Барлық жағдайда созылу бұлшық еттің әртүрлі жерлеріне түсіп, машықтану нәтижесі жоғарғы деңгейіне жетеді.

Кез-келген дене шынықтыруға машықтану әртүрлі формада ұйымдастырылса да, машықтану сабақтары ең әмбебап әрі әсерлі форма болып қалмақ. Осындай сабақ 3 бөліктен тұрады: дайындық, негізгі және қорытынды.

Сабақтың дайындық бөлігіндегі негізгісі - бой жазу, яғни организмді негізгі дене шынықтыру ауыртпалығын дайындау. Бой жазуға тыныш және бірқалыпты жүру, жай жүгіру, дене қалпы мен бағытын өзгертіп жүгіру, бұлшық еттерді созуға арнаған гимнастикалық жаттығулар, жеңіл снарядтар, заттар және көмекші құралдармен жасалатын жаттығулар жатады. Бой жазу мақсаты – организмді біртіндеп шынығуға дағдыландыру. Онда барлық бұлшық ет топтарын жұмысқа кірістіру және сабақтың

негізгі бөлігінде қолданылуы керек жаттығулардың бөліктерін қамту болады. Бой жазу 20-25 минутқа созылады.

Егер сабақтың негізгі бөлігінде әртүрлі машықтану жұмыстары өткізілетін болса, онда үйлестіру қабілеттерін қажет ететін жаттығулардан бастаған жөн. Одан кейін жаттығулар ден шынықтыру қасиеттерді дамытуға бағыттталып, мына ретте өтуі керек: жылдамдықты, күшті, жылдамдықты-күштік, төзімділікті артыруға арналған. Сабақтың негізгі бөлігі 50-60 минутқа созылады.

Сабақтың қорытынды бөлігінде организмді біртіндеп қалыпты жағдайға келтіріп, оның функционалдық белсінділігін төмендету керек. Міндетті түрде 2-3 мин. жеңіл жүгіру мен жай жүру кезінде таныстық және босаңсытуға арналған жаттығуларды қамтитын "тоқтаусыз" деп аталатын әдісті қолдану керек. Сабақтың бұл бөлігі 7-10 мин. созылады.

Алғашқы жылы белсенді дене-шынықтыру сабақтары аптасына 3 реттен аспауы керек. Сабақты өткізу орны қолда бар мүмкіндіктерге байланысты таңдап алынады, егер ол ашық ауада, бая бақта, сулы жерлердің, егер ол ашық ауада, сая бақта, сулы жерлердің жағасында өтсе жақсы болар еді.

Дене шынықтыру машықтандыруды ұйымдастырудың маңызды элементі өзін-өзі бақылау болып табылады. Өз хал-жағдайының көрсеткіштерін ұқыптап тіркеп отырған дұрыс. Бұлшық еттер ауырған жағдайда ауырлықты төмендету керек немесе массаж бен моншаны пайдаланған жөн. Қайта қалпына келтіру кезінде тамыр соғысын ауыртпалыққа дейін және кейін бақылап отыру керек әрине, әр жаттығудан кейін тамыр соғысы өлшеу керек деген сөз емес, бірақ әсіресе машықтанудың алғашқы кезеңдерінде сабақтарда белгілі бір бақылаулық өлшеулер жасап тұру керек. Кейін оны өлшеуді қысқартуға болады.

Дене дайындығы

Дене дайындығының мақсатары мен міндеттері

Қазақстан Республикасы ПМ Қарағанды заң академиясының дене дайындығының негізгі мақсаты жедел-қызметкерлік тапсырмаларды, соның ішінде төтенше жағдайларда, нәтижелі орындауға қабілетті, конституциялық құрылымды және Қазақстан Республикасының территориялық тұтастығын қорғауға ПМ органдарына үйлесімді дамыған мамандарды тәрбиелеу болып табылады.

Дене дайындығы денсаулықты нығайтуға, кәсіптеріне өте маңызды дағдылар мен іскерліктерді үйрету және қалыптастыру, жоғарғы ізгіліктік - еріктік қасиеттерге тәрбиелеу, алған білімдерін практика жүзінде әрі қарайғы кісіптік қызметтерінде қолдану және енгізу қабілттерін дамытуға бағытталған.

Дене дайындығы курсы өз ішінде өзара органикалық байланысқан тәрбиелік, білімдік және сауықтыру сияқты кешенді міндеттері шешуді қарастырады. Қазақстан Республикасы ПМ Қарағанды заң институтындағы оқыту кезеңінде тыңдаушылар дене дайындығының әдістері мен тәсілдерінің көмегімен машықтануға және кәсіптік еңбекке төзімділікті төмендетпей психологиялық және дене дайындығына үлкен жүктеуді /ауыртпалықты/ ұзақ уақыт кезіңінде өткере алу қабілеттеріне үйренеді, дене дайындығы әдістемесі мен ұйымдастыруын, теориясын игереді.

Қазақстан Республикасы Қарағанды заң академиясындағы оқыту үрдісінде тыңдаушылар физикалық тәрбие әдістері мен теориялық негіздерін, ПМ органы қызметкерлерінің жедел-қызметкерлік жалпы жүйесіндегі физикалық дамудың ролі мен орнын, Қазақстан Республикасы ПМ-гі дене дайындығы жайлы келесіміндегі негізгі құжаттарды, жеке құрамда сабақ өткізу әдістемесі мен ұйымдастыру қағидаларын, ПМ бөлімшелеріндегі спорттық-көпшілік жұмыстары мен дене дайындығын ұйымдастыру негіздерін білуі тиіс.

Қазақстан Республикасы Қарағанды заң академиясының тыңдаушылары дене дайындығының әр түрінен алған қимылдық дағдыларды сенімді және шебер қолдана білуді, өз денсаулық жағдайына бақылау жасауды жүзеге асыра білуді, оқу кезінде жалпы және арнайы еңбекке қабілетін ұштап отыруға, денешынықтыру-көпшілік және спорттық кештерді өткізу мен ұйымдастыру дағдыларын меңгеруге міндетті.

Дене дайындығы және қоян-қолтық ұрыс сабақтарын өткізу мен ұйымдастыру бойынша әдістемелік нұсқаулар

Қазақстан Республикасы органдарының және құрамының дене дайындығы деңгейіне қойылатын жоғарғы талаптарды орындау оқыту - жаттығу үрдісінің сапасына тікелей байланысты. Оның әсерлілігін қамтамасыз ететін шешулі шарттарының бірі оқытушылық құрамының әдістемелік даярлығы, оқыту әдсінің негізгі жағдайын білуі болып табылады.

Дене дайындығы және қоян-қолтық ұрысқа үйрету мамандарын кәсіптік даярлаудың басқа да бөлімдері сияқты органикалық бірлікте жүргізілетін, оқыту мен тәрбиелеудегі бір үрдісті құрайды.

Оқыту оқытушының дене дайындығын қабілетті дамыту және жетілдіру мақсатында оқытылған білімді, біліктілікті және дағдыны игеруді дәйекті беруінен тұрады.

Тәрбиелеу негізіне оқытушының тыңдаушыларға белгілі-бір ізілікті-психологиялық қасиеттерін енгізу мақсатында оқушылардың психикасына мақсатты және жүйелі әсер ету жатады.

Дене шынықтыру жаттығуларға үйрету оқытудың жалпы заңдылықтарын бейнелетін: саналылық, белсенділік, көрнекілік, жүйелілік, біртіндеу, шамаға сай және мықтылық сияқты әдістемелік қағидаларға байланысты жүзеге асады. Барлық көрсетілген оқу әдістемелік принциптер бір-бірімен тығыз байланысты.

Саналылық қағидасы-тыңдаушылар жаттығуларды қабылдап, оны игеруге саналы түрде атсалысуын талап етеді. Дене шынықтыру жаттығуларын үйретуді жүзеге асыру келесі шарттарға байланысты: онымен айналысушылар өз қызметтерінде қызмет сапасын көтеру үшін дене дайындығының маңызын түсінуі керек, міндеттерін нақты қоя отырып игерілуге қажетті жаттығулардың мәнін, организмге әсерін түсінулері керек.

Белсенділік қағидасы - оқушылардың оқу үрдісінде белсенді және мақсатты түрде атсалысуын білдіреді. Белсенділікке жетуге келесі шарттар әсер етеді: оқыту үрдісінің нақтылығы, жарыспалы әдісті қолдану, оқу материалдарын игеру деңгейін бағалау, мадақтау, жаттығуларды өзбетімен орындау.

Көрнекілік қағидасы - тыңдаушыларының жаттығу туралы нақты және анық түсініктерін қалыптастыру болып табылады. Оны оқыту барысында мынадай шарттарды сақтау талап етіледі: игерілетін жаттығуларды түсіндірумен бірге үлгі ретінде көрсету, оқу бағдарламаларын, кино, бейнефильмдер, плакаттар, кестелер және басқа көрнекі құралдарды пайдалану.

Жүйелілік қағидасы - орындалар жаттығулар өткен жаттығуларды жинақтаушы болып, ал кейін жасалатындары осыны бекітіп, дамытуын қажет ететін сияқты, оқу материалдарын өткенде бірізді және жиі өткізу, жүйелі - қатаң болуды көрсетеді.

Біртіндеу және шамаға сай қағидалары оқу материалдарын біртіндеп күрделендіру мен оның тыңдаушылар үшін шамаларына сай болуын қарастырады. Оқыту кезінде оның жүзеге асуы келесі шарттарға байланысты: оңай және жай жаттығулардан қиынырақ және күрделі жаттығуларға көшер кезіндегі бірізділік, дене дайындығы ауыртпалықтарды біртіндеп жоғарылату.

Мықтылық қағидасы оқытуды қалыптасқан қимылдық дағдыларды мықты бекітуді, ұзақ уақыт ішінде дене дайындығы және арнайы қасиеттерді жоғарғы деңгейді сақтауды қамтамасыз ететін қойылымды білдіреді. Осы қағиданы жүзеге асыру үшін келесі шарттар орындалуы тиіс: дене дайындығы жаттығуларды әртүрлі сәйкестікте және әртүрлі даярлықта бірнеше рет қайталау, қол жеткен нәтижелерді тексеру және бағалау.

Оқыту әдістері

Оқытудың әдістері деген сөздің астарында оқытушының тыңдаушыларға білім беру, қимылдық дағдыларын қалыптастыру, олардың дене дайындығы және арнайы қасиеттерін дамытуға қолданатын тәсілдері мен жолдары деген сөз жатыр. Барлық әдістер оқытудың барлық кезеңдерінде өзара байланысты қолданылады. Әдістерді таңдау және қолдану оқу материалдарының мақсатына, міндетіне, оқытушының практикалық дайындығына, оның педагогикалық және әдіскерлік шеберлігіне байланысты.

Сөздік әдістері тыңдаушыларға әсер ету кезі ретіндегі сөзді қолдануға негізделіп, мына түрлерді қамтиды: түсіндіру, әңгіме, әңгімелесу т.б.

Түсіндіру оқытушының сабақ міндетін, яғни игерілетін жаттығулардың мәні, әдістері мен ісәрекеті, оларды орындау техникасы дәйекті түсіндіруден тұрады. Түсіндіруді орындалатын жаттығулардың ең негізгі маңызды элементтерін түсіндіру, дәлелдеу кезінде қолдану қажет.

Әңгіме - материалдарды хабарлау /сипаттау/ жолымен дәйекті мазмұндау.

Әңгімелесу - жаңа материалды мазмұндау кезінде, өткенді қайталау, бекіту, оқушының білімін тексеру кезінде қолданылады. Ол сабақты талдау және қорытындылау, жарысу және т.б. оқыту нышандарында қолданылады. Дене дайындығы жаттығуларды оқыту үрдісінде басқа да сөздік әдістер: бұйрық, нұсқау, ескерту, ілеспе түсіндірулер және т.б. түсіндіріледі.

Оқытудың көрнекілік әдісі жаттығуларды көрсету, кино және бейнефильм, кинограммалар, фото суреттер, палакаттар, суреттер, кестелер және т.б. тыңдаушылардың образдық түсініктерін тудыратын көрнекіліктерді пайдаланудан тұрады. Дене дайындығы жаттығулар үрдісінде көбіне жаттығуларды көрсету қолданылады. Оқытушы кез-келген жаттығуды дұрыс және анық көрсетуі тиіс, өткені тыңдаушылар оны үлгі етіп, сол сияқты орындауға тырысады. Жаттығуды орындау кезінде оқытушылар мен тыңдаушылардың орын таңдауы үлкен маңызға ие. Жаттығу нышанына сай оқытушы оны қырын қарап немесе тура қарап көрсетуі керек. Қажетіне қарай, "айна" әдісі қолданылады.

Практикалық әдістер ПМ қызметкерлерінің дене дайындығы және арнайы қасиеттерін жетілдіруде және дамытуда, қимылдық дағдыларды қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Дене дайындығы жаттығуларды үйретуде әртүрлі әдістемелік тәсілдер қолданылады: жаттығуларды оқытушы бұйрығымен орындау талабы, жаттығуларды өз бетімен орындау, бағалау және мадақтау, көмек және сақтандыру, ойын, эстафета, жарысу элементтерін қолдану, қорыту немесе жинақтау не даярлау жаттығуларды және т.б.

Оқытудың дәйектілігі:

Дене дайындығы жаттығуларды мына ретте үйретеді таныстыру, жаттату, машықтандыру /жетілдіру/ жаттығулармен таныстыру - тыңдаушыларға көрсету, айғақтау, түсіндіру барысында жаттығу жайлы дұрыс ұғым және анық түсінік қалыптастыратын оқытудың алғашқы сатысы.

Ол үшін: жаттығуды атау, үлгі ретінде көрсету, егер қажет болса қимылдық жасалу техникасын түсіндіріп, бөліктерге бөліп тағы бір ретінде көрсету керек.

Жаттату тыңдаушыларда жаңа қимылдық дағдыларды қалыптастыру мақсатында жүргізіледі. Тыңдаушылардың дайындығы мен жаттығудың күрделілігіне байланысты әртүрлі тәсілдер қолданылады: бүтіндей, егер жаттығу күрделі болмай оны түгелдей орындау орындаушылардың қолы жететіндей болса немесе оны орындау әдістерін элементтерге бөлуге болмайтын болса; бөліктерге бөліп, егер жаттығу күрделі, ал құрылымы бөліктерге бөлуге мүмкін болса. Бөліктерге бөліп орындауды игергеннен кейін жаттығуларды бүтіндей /біріктіріп/, қажет болса, жинақтау немесе дайындық жаттығулармен бірге орындайды.

Жаттығуларды орындау кезіндегі машықтандыру жатталған жаттығуларды бірнеше рет, жүйелі қайталау, оны орындаудың жағдайын біртіндеп күрделендіру және дене дайындығы ауыртпалықты күшейтуден тұрады. Тыңдаушылардың белсенділігі мен қызығушылығын арттыру үшін және жоғарғы нәтижеге жету үшін машықтандыру барысында жылдамдық пен анықтыққа, қайталау мен орындау сапасына арналған жеке жаттығуларды орындау түріндегі жарыстарды жиі өткізіп тұру керек.

Ескерту мен қатені түзеу оқыту кезінде, әсіресе бастапқы кезде қателердің болуы мүмкін. Көбіне үйреншілердің қателері оқыту әдістемесінің аяқталмауы нәтижесінен болады. Сондай-ақ, қателердің себесі:

- орындаушының жаттығуларды орындау техникасын дұрыс түсінбеу;
- оқытушының анық көрсетпеуі немесе оқушының сабаққа зейінсіздігі;
- дене дайындығы қасиеттердің дамуынның төменгі деңгейі;
- материалдық қажеттіліктердің қанағаттандырылымауы;
- оқыту кезіндегі қателерді алдын-алудың негізгі шарттары;
- жаттығуды алғашқы үйрету кезінде мұқият жаттау;
- шамаға шақ, үйренушілердің дене дайындығы деңгейіне сәкес келетін жаттығуларды таңдап алу;
- жаттығуды, тәсіл мен қимылды анық көрсету және түсіндіру;
- дайындық жаттығуларын қолдану;
- дене дайындығына ауыртпалықты мөлшерлеп беру;
- сабақ өткізетін орынды, керек-жарак, құрылдарды мұқият даярлау;

Қатені дәйекті түзету: басында барлық орындаушыларға жалпы, кейіннен жекеше түзетулер жасау.

Көмек пен сақтандыруды қолдану. Оқыту барысында орындаушыларға көмек көрсету және сақтандыру қажеттігі туады. Көмек орындаушы жаттығуларды өз бетімен орындай алмаған жағдайда көрсетіледі.

Дұрыс сақтандыру жарақат алу және сәтсіз оқиғалардың алдын-алу үшін үлкен маңызға ие. Оқытудың барлық кезеңдерінде сақтандыру міндетті. Ол нәтижелі болуы үшін оқытушы жаттығулардың ерекшеліктерін білуі керек, оларды орындау кезінде зейін қоя бақылап, орынды дұрыс таңдап, үйренушіні кез-келген уақытта сақтандыра алуға даяр болуы керек.

Тыңдаушыларды сақтандыруға үлкен мән беріп, оларға сақтандыру әдістерін дұрыс қолдана білуге үйрету керек.

Дене дайындығы жаттығуын оқыту кезіндегі тығыздық дене шынықтыру жаттығуларын орындатуды үйретуге кеткен, жалпы оқытуға кеткен уақыт қатынасымен анықталады.

Сабақтың тығыздығын біртіндеп көтеру мына жағдайларда қол жеткізіледі:

- жаттығуларды үздіксіз орындаудың уақытын ұлғайту;
- қайта сапқа тұру, әртүрлі қозғалыстарда кететін уақытты қысқарту;
- түсіндірудің қысқалығы және анықтығы;
- жаттығуды орындаушылардың барлығы бір уақытта немесе жүйелі орындауы;
- бірнеше орындаушылардың жаттығуларды бір уақытта орындауы.

Дене дайындығы ауыртпалық орындаушылардың функциялық жағдайына дене шынықтыру жаттығулардың әсерінің көлеміне байланысты анықтайды. Ол үлкен, орташа, азғантай болып келетін мөлшері мен үндемелігімен көрінеді. Дене дайындығы ауыртпалық белгілерін өзгерту жолы мен оны орындаудың үндемелігі арқылы реттеледі.

Оқыту үрдісінде ауыртпалық тыңдаушылардың денсаулық жағдайы және машықтану деңгейіне сәкес келіп, оның күрделенуі жүзеге асуы керек. Ең жоғарғы ауыртпалық көбіне оқытудың қорытынды кезеңінде, яғни машықтану және жарыс үрдісінде қолданылады.

ПМ қызметкерлерінің дене дайындығының негізгі нышаны оқу сабақтары болып табылады және осы үрдісте келесі міндеттер шешіледі:

- техникалық тәсілдер мен қимылдарды үйрету;
- арнайы дене дайындығы қасиеттерін дамыту;
- тыңдаушылардың денсаулығын нығайту және шынықтыру.

Дене дайындығының алғашқы кезеңдеріндегі сабақтарында тыңдаушылардың дене дайындығы қасиеттері мен дағдыларының дамуын көрсететін көрсеткіштерінің іздену деңгейі тексеріледі. Алдын ала жасалған мұндай бақылау педагогикалық үрдісті жоспарлау мен ұйымдастырудың сүйену кезеңі болып табылады. Қолда бар мәліметтерге сүйене отырып жоспарлау құжаттары жасалады, жеке тапсырмалар белгіленеді, ауыртпалық мөлшері анықталады және т.б. жұмыстар атқарылады. Кейіннен жүйелі тексерулер мен сабақ кезіндегі дайындықты бағалау қойылған міндеттерді шешудің қаншалықты нәтижелі болғанын анықтайтын хабар беріп, керек жағдайда дайындықтың мазмұны мен әдістемесіне сәйкес түзетулер енгізуге жағдай жасайды.

Дене дайындығы сабақтары теориялық және практикалық деген бөлімдерге бөлінеді.

Теориялық бөлім:

- дәрістер.

Практикалық бөлім:

- практикалық сабақтар;
- спорттық жетілдіру тобындағы сабақтар;
- жарыстар.

Сабақты өткізуге дайындық

Сабақты өткізуге даярлық мынадай жолдармен жүзеге асады:

- оқытушының өзінің жеке дайындығы;
- тыңдаушылардың өзін-өзі дайындауы;
- осы сабақтарды өткізуге арналған оқу орынының даярлығы;
- сабаққа оқу-материалдық қажеттіліктерді дайындау.

Тақырыбы мен қажеттілігіне қарай, сабаққа дайындалу кезінде оқытушы келесі негізгі жұмыс түрлерін жүргізуі керек:

- оқу кестесінде көрсетілген сабақ мазмұнын мұқият анықтау;
- сабақты өткізудің әдісі мен ұйымдастыруын анықтау;

- тақырып мазмұнын баяндайтын жарғы, өсиет, газет пен журналдан мақалалар және т.б. әдеби деректерді таңдап алу;

- жалпы тақырып бойынша немесе нақты бір тақырып бойынша сұрақтарды тыңдаушыларға оқыту әдістері баяндалған оқулықтарды оқу.

Таңдап алынған материалды зерттеу барысында, оқу материалын жылдамырақ және тереңірек меңгерту үшін, оқытушы қажетті көшірмелер жасайды, сабақты өткізудің алдын-ала кестесін жасайды, дәйектілігін сақтай отырып негізгі сұрақтарды анықтайды, мысалдарды теріп алады, оқытудың көрнекі құралдары мен техникалық құралдарын даярлайды.

Сабаққа даярлану кезінде оқытушы тыңдаушылардың дайындық деңгейін, өзінің және басқа оқытушылардың іс-тәжірибесін, алдында өткізілген сабақтар тәжірибесін, сабақты өткізуге кіші басышармен мен көмекшелердің даярлығын, сабаққа қажетті құрал жабдықтар, олардың іске жарамдылығын, қолданудың ережесі мен тәртібін өзі тексеруі сияқты жұмыстарды ескеруге міндетті. Сабақты үлгілі көрсетуге дайындық мақсатында тәсілдер мен қимылдарды, тыңдаушылармен орындауға қажетті, тапсыратын нормативтерді орындауға өзі машықтануы керек.

Сабақ жоспарының құрылымы:

- Сабақтың оқыту-тәрбиелік мақсаттары;
- тыңдаушылардың сабақтарда өтеуге қажетті біліктері мен дағдыларының тізімі;
- тыңдаушыларға өз бетімен орындауға берілетін оқу тапсырмаларының тізімі мен оларды спорт залда, полигонда өткізілетін практикалық сабақтарда орындау тәсілдері;
- оқушыларға игерілуге берілетін сабақтың әдістемелік мақсаттарының көрсетілген сұрақтары және оны шешудің тиімдірек әдістері мен тәсілдері;
- жұмыс түрлеріне қарай уақытты бөлу.

Дене дайындығы мен қоян-қолтық ұрыс сабақтарының кез-келгенінің барысын үш бөлікке бөлуге болады: кіріспе-дайындық, негізгі және қорытынды.

Сабақтың 20% оқу уақыты кететін кіріспе – дайындық бөлігінде жеке құрамның қатысуы, экипировка, макет, пышақ, куртка және басқа заттардың болуы тексеріледі. Сабақтың тақырыбы, мақсаты, оқу сұрақтары, сондай-ақ өтеу, яғни оқу орындары көрсетіледі, қай бөлімшелер қайда жұмыс жасайды, оқу орындарның ауысуының реті жарияланады, материалдық қажеттілік заттары қолдануға даярланады, сабақтың негізгі бөлігіне тыңдаушылар организмін даярлау үшін және жарақат болдырмау мақсатында дене қыздыру жаттығулары өткізіледі.

Оқу уақытының 70-75% кететін сабақтың негізгі бөлігінде тыңдаушыларымен жаңа сұрақтар қарастырылады немесе бұрынғы алынған білім, іскерлік, дағдылар жетілдіріледі. Сабақтың негізгі бөлігі өткен материалды қысқаша қайталау немесе өткен сабақтарда берілген тапсырмаларды тексеруден басталады. Өткен материалды қайталау сұрақтары, мүмкіндігінше, қайталаудан логикалық түрде жаңа материалға көшу түрінде құрылып, сабақ жоспарына жазылуы керек. Сұрақ қоюдың орнына оқытушы практикалық іскерлік пен дағдыны тексеруіне болады.

Кез-келген сабақта оқытудың бірнеше әдістері кейде бөлек, кейде кешенді түрде қолданылады. Оқытудың негізгі әдістері көрсету, түсіндіру және жаттығу /машықтандыру/ болып табылады.

Көрсету мінсіз, үлгілі болуы керек. Анық, дұрыс және әдемі көрсетілген қимыл тыңдаушыларға қатты әсер етіп, оны сол қалпы орындауға тіліктері туады, естерінде көп уақытқа сақталады.

Әңгімелесу мен түсіндіру қабылдауға күрделіректеу келетін қимылдың сырын ашуға мүмкіндік беріп, қысқа және ұғынықты болуы керек.

Олар тыңдаушыларды не көрсетіледі, жалпылай не бөлікке бөліп тәсілді дұрыс орындау үшін неге көңіл бөлу керектігіне бағыттайды. Нәтижесінде және нені үйрену керектігі анық болады.

Қоян-қолтық ұрыс тәсілдерін орындау жаттығулары /машықтандыру/, дене дайындығы жаттығулары оқытушы мен оның көмекшісінің басқаруы мен бақылауымен ұйымдастырылып, толық меңгергенге дейін орындалады.

Бірнеше тыңдаушыларда кеткен қателерге оқытушы барлық тыңдаушылардың назарын аударады, ал жекелей кеткен қаттелерді басқалардың көңілін аудармай жеке жұмыстар жүргізу арқылы түзетеді.

Дене дайындығы және қоян-қолтық ұрыс сабағының 2-3% оқу уақыты кететін қорытынды бөлімінде тасыр соғысының көрсеткіштерін төмендету мен тыныс алуды тыныштандыру өткізіледі. Талдау кезінде оқу сұрақтарының өтуі, жаттығу және нормативтерінің орындау нәтижесі, жақсы атсалысқан бөлімшелер мен тыңдаушылар атап өтіледі, оқыту кезіндегі қимылдарда жиі кеткен қателер көрсетіліп, оны жою жолдары көрсетіледі.

Сабақты талдау - тыңдаушылардың білімін, іскерлігі мен дағдыларын әрі қарай жетілдіруді мақсат ететін оқытушының нақты қорытындысы.

Сабақтың оқыту уақытын кіріспе - дайындық, негізгі және қорытынды бөлім қылып бөлгенде бөлімшенің сабақ өткізетін ауданға қозғалысы мен одан оралуға кететін уақытты да ескеру керек.

ДЕНЕ МӘДЕНИЕТІ БОЙЫНША БІЛІМДІ, ДАҒДЫНЫ, ІСКЕРЛІКТІ ТЕКСЕРУ МЕН БАҒАЛАУ НЫШАНДАРЫ:

- алдын-ала тексеру,
- ағымдағы тексеру (ағымдағы бақылау),
- шектік бақылау,
- қорытынды бақылау,
- қорытынды тексеру БТС (бақылау-тексеру сабағы),
- сынақ,
- бақылаулық тексеру,
- инспекторлық тексеру.

Алдын-ала тексеру - қайта түскен тыңдаушылардың дайындық деңгейін анықтау үшін жүргізіледі. Бұл тексерудің нәтижесі оқытушыға тыңдаушылармен жүргізетін оқыту-тәрбиелік жұмыстарын құруға негіз болуға қажетті.

Ағымдағы тексеру - барлық оқыту жұмысының барысында, әрбір сабақтарда, оқытудың барлық кезеңі барысында жүргізіледі. Оқытушы тыңдаушылардың сабаққа дайындығын, сабақтың негізгі бөлімінің басында, өтілген материалды қалай пайдалана білетіндігін тексеріп, бағалап отыруы керек. Сабақ (оқыту) барысында оқытушы тыңдаушылар тәсілдерді қалай қабылдайды, тапсырмаларды орындауларын бақылап, анықтап отырады.

Қорытынды тексеру немесе БТС семестр, лагерь жиынының соңында немесе бағдарламаның үлкен бөлімді оқыту аяқталғанда өткізіледі. Ол арнай тексеру сабақтарында жүзеге асады. Оның мақсаты - белгілі бір оқыту кезеңінде тыңдаушылардың алған білімін, дағды мен іскерлік сапасы мен мөлшерін анықтау. Қорытынды тексеру немесе БТС нәтижесін оқытушы әрі қарайғы жұмыс жоспарында ескереді.

Шектік бақылау - белгілі бір уақыт аралығында (1,5 ай) оқытуға қорытынды шығару. Шектік бақылау тыңдаушылардың ағымдағы үлгерімін қорытындылап, үлгерім мен оқытуды талдап жедел шаралар қабылдап және оқыту-педагогикалық үрдіске түзетулер енгізу мақсатында жүргізіледі. Мұқият жасалған талдау оқытушы мен оқу тобының күшті және әлсіз жақтарын анықтауға және талдауға, түсінуге көмектеседі.

Бақылаулық тексеру - тыңдаушылардың дайындық деңгейін анықтау үшін және оқыту барысын бақылау үшін жүргізіледі. Ол жоспарлы сабақтар үрдісінде немесе резервтегі уақытты пайдалану негізінде өткізіледі. Мектеп басшылары, кафедра, ӘПК және оқу бөлімімен жүзеге асады.

Инспекторлық тексеру Қазақстан Республикасы ІІМ жоспарымен өткізілетін "ерекше емтихан" мұнда мектептің жеке құрамының қызметі, оқыту-тәрбиелік үрдісінің әдістемесі мен ұйымдастыруы, оқу үрдісін әдістемелік қамтамасыз ететін кафедралық жүйе жағдайы, жеке құрамның ұрысқа даярлық деңгейі, т.б. жан-жақты тексеріліп, бағаланады.

Сабақты, дағдыны және іскерлікті бағалауда Қазақстан Республикасының ІІМ № 260-22.06.2007 ж. бұйрығын басшылыққа алу керек.

**Дене дайындығы
кафедрасының бастығы
полиция полковнигі**

С.О. Асайынов

НЕГІЗГІ ЖӘНЕ ҚОСЫМША ӘДЕБИЕТТЕРДІҢ ТІЗІМІ

1. НЕГІЗГІ ӘДЕБИЕТТЕРДІҢ ТІЗІМІ:

- 1.1. Қазақстан Республикасының Конституциясы
- 1.2. 1997 жылғы 10-11 қазандағы «Қазақстан - 2030» Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауы.
- 1.3. «Дене мәдениеті және спорт туралы» Қазақстан Республикасының 1999. 02.12 № 490-ІҚРЗ Заңы.
- 1.4. «Қазақстан Республикасының 2007-2011 жылдарға арналған дене шынықтыру және спортты дамытудың мемлекеттік бағдарламасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығын 2006.28.12 № 230.
- 1.5. 2007 жылғы 21 желтоқсандағы № 1260 «2008-2016 жылдарығына арналған «Салауатты өмір сүру» бағдарламасын бекітілу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің жарғысы
- 1.6. «Қазақстан Республикасы халықтарының дене дайындығындағы Президенттік тестілер туралы. Ережені енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 ж. 24.06. № 774 Қаулысы.
- 1.7. «Қазақстан Республикасы ІІМ ішкі істер органдарында, оқу орындарында дене шынықтыру, ату даярлығын және спортты жетілдіру туралы» Қазақстан Республикасы ІІМ 2007.22.06 № 260 бұйрығы.
- 1.8. «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарында жауынгерлік, дене шынықтыру дайындығы сабақтарын және бұқаралық-спорт іс-шараларын өткізу кезінде қауіпсіздік және денсаулық сақтау шараларын қамтамасыз етуді ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы 2009 жылғы 14.05 № 185 бұйрығы.
- 1.9. «Дене мәдениеті» бойынша типтік оқу бағдарламасы, Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігінің 2002 жылғы 10 шілде № 541 бұйрығымен бекітілген және енгізілген.
- 1.10. «Дене мәдениеті және қоян-қолтық ұрысы» Қазақстан Республикасы ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды заң институтының жұмыс оқу бағдарламасы, 2009жылы «16» маусымда институттың әдістемелік кеңесімен қаралып, құпталды № 8 хаттама.
- 1.11. Акопов А.А., Ващукин К.М. Боевые приемы самбо. М., 1970г.
- 1.12. Арестов Ю.М., Выжигин В.И., Изгаршев А.И.. Спортивные игры /под. ред. Клещева Ю.Н./
- 1.13. Гимнастика /Под ред. Куду А.Э., Яансена А.Э. М.1970г.
- 1.14. Гоговадзе А.В., Круглый М.М. Врачебный контроль в физическом воспитании и спорте. М., 1977г.
- 1.15. Головина В.А., Маслокова В.А., Коробкова А.В.: Учеб. пособие. Высшая школа. М., 1983г.
- 1.16. Инясевский К.А. Плавание М.,1977г.
- 1.17. Ильинич В.И. Профессионально – прикладная физическая подготовка студентов ВУЗов. Научно – методические и организационные основы. М., 1978г.
- 1.18. Матвеев А.П. Основы спортивной тренировки. М., 1977г.
- 1.19. Манжосов В.Е., Осольцев И.Г., Смирнов Г.А. Лыжный спорт, М., 1979г.
- 1.20. Мухамедьянов Н.Д., Умнов И.А., Асаинов С.У. Учебное пособие. Рукопашный бой. КЮИ МВД РК, 2000г.
- 1.21. Озоли Н.Г. Современная система спортивных тренировок. М., 1972г.
- 1.22. Остапенко А.Н., Селиверстов Б.И., Чистяков Ю.Н. Легкая атлетика М.,1979г.

- 1.23. Попенченко В.М. Пути повышения эффективности учебного процесса по физическому воспитанию в ВУЗе, М., 1979г.
- 1.24. Спутник физкультурного работника / Под общей ред. Иванова В.А., с изд. и испр. и дополн. М., 1976г.
- 1.25. Теория и методика физического воспитания / Под общей ред. Матвеева А.П., Новикова А.Д. с изд. и испр. и дополн. в 2-х томах М., 1976г.
- 1.26. Управление спортивным движением М., 1988г.
- 1.27. Физическая подготовка / Под ред. Пронина Н.И. М., 1976г.
- 1.28. Харлампиев А.А. Борьба самбо, 1959г.

2. ҚОСЫМША ӘДЕБИЕТТЕРДІҢ ТІЗІМІ:

- 2.1. Андреев В.М., Чумаков Е.Н. Борьба самбо. М., 1967г.
- 2.2. Асубаев А.Р., Лисицин В.И., «100 уроков борьбы самбо», М., 1971г.
- 2.3. Брыкин А.Т., Шлемин А.М. Гимнастика, М., 1979г.
- 2.4. Вайцеховский С.М. Книга тренера, 1971г.
- 2.5. Гулевич Д.И., Звягинцев Г.Н. Борьба самбо. Воениздат, 1969г.
- 2.6. Гулевич Д.И., Звягинцев Г.Н. Борьба самбо. 1968г.
- 2.7. Ионов С.Ф., Цилурский И.Л., «Организация и судейство, соревнований по борьбе самбо». М., 1983г.
- 2.8. Кавантура Т., Иван Т., Дзю-до, ФиС, 1977г.
- 2.9. Коблев А.К., Сытник В.И. Многолетняя подготовка дзюдоистов. ФиС 1982г.
- 2.10. Коваленко Г.П. Уч. пособие. Боевое самбо. Минск, 1987г.
- 2.11. Матвеев С.Ф. Борьба самбо. Киев, 1972г.
- 2.12. Оружия рукопашного боя и самозащиты без оружия. Алматы, 1990г.
- 2.13. Рудман Д. Самбо. Техника борьбы лежа. Нападение М., 1982г.
- 2.14. Рудман Д. Самбо. Техника борьбы лежа. Защита М., 1983г.
- 2.15. Соколов В.Н. Рукопашный бой. М., 1985г.
- 2.16. Турин Л.Б. Молодой самбист. ФиС, 1970г.

МАЗМҰНЫ

I. Пәннің типтік оқу бағдарламасы	4-32
II. Пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы	33-132
III. Тәжірибелік сабақтардың жоспарлары	133-219
IV. Оқу-әдістемелік кабинеті туралы ережесі	220-223
V. Пәнді оқыту бойынша әдістемелік нұсқаулар	224-229
VI. Сабақтарды ұйымдастыру кезеңінде қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету бойынша оқу-әдістемелік материалдар	230-236
VII. Пайдаланған әдебиеттердің тізімі	237-238